Жарақаттардың түрлерін топтастырып, өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алу шараларын ұйымдастырамыз.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1 Хаустов А.П. Охрана окружающей среды при добыче нефти / А.П.Хаустов, М.М.Редина. – М.:изд Дело, 2006. – 84 б.

2 Хакімжанов Т.Е. Еңбек қорғау : жоғары оқу орындары үшін оқу құралы. – Алматы, 2008. – 240 бет.

3 "Өндірістік объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық ережесі.

4 Колдин А.В. Исследование состояния здоровья населения. Состояние дорожно-транспортного травматизма, 2009. – №3-2. – С.3-6

5 Таңжарықов П.А. Мұнай-газ саласындағы еңбекті және қоршаған ортаны қорғау» / П.А. Таңжарықов, С.Т. Абдрахманов, Ұ.Ж. Сарабекова // Тұмар Қызылорда қ., 2009. – 206 б.

#### **РЕЗЮМЕ**

В статье дана классификация встречающихся на производстве травм в зависимости от места, вида и причины. А также приведены виды несчастных случаев на производстве и профессиональных заболеваний по характерным признакам и рассмотрены причины их возникновения.

#### **RESUME**

The article entitled: "Classification of industrial injuries," examines the place of stay occurring injuries in the workplace, the types and classifications depending on the reasons.

The relevance of the article is occurring accidents in production, including determination of the types of occupational injuries teaching work.

УДК 629.3.02

**Ибилдаев Б.К.**, кандидат технических наук, профессор

**Бердешов А.У.**, магистрант,

**Габдуллин А.К.**, магистрант

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан

### **СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ КОЛЕСНЫХ, ГУСЕНИЧНЫХ И ШАГАЮЩИХ МАШИН**

#### **Аннотация**

В настоящей статье приведен сравнительный анализ колесных, гусеничных и шагающих машин. Обоснованы перспективные области применения шагающих транспортных и технологических машин.

*Ключевые слова:* робот, передвижение, мехатроника, движители, шагающие машины.

Известны мобильные роботы, имеющие различные типы движителей: колесные, гусеничные [1], шагающие [2], и др. Выбор типа движителя, как правило, основывается на опыте и предпочтениях разработчика. Известна диаграмма В.В. Лапшина [3], в которой проанализированы энергозатраты транспортных средств на передвижение в зависимости от типа движителя и скорости движения. Такая диаграмма позволяет с энергетической точки зрения определить место того или иного движителя. Вместе с тем существуют и другие показатели, характеризующие эффективность перемещения транспортно-технологической машины. Среди них:

- грунтовая или опорная проходимость;
- профильная проходимость;
- маневренность;
- экологичность взаимодействия с грунтом;
- комфортабельность;
- скорость движения;
- сложность конструкции.

Могут учитываться и другие критерии [4].

В статье ставится задача провести анализ эффективности движителей по приведенным выше показателям и сформулировать критерий предпочтительности того или иного движителя для машин с одинаковыми габаритами и весом.

Грунтовая (опорная) проходимость

По критерию сопротивления движению шагающий движитель превосходит колесный. Однако, чем меньше площадь стопы и длина шага, тем меньше будет преимущество шагающего движителя перед колесным.

Для механизма шагания, соизмеримого с диаметром колеса, длина пятна контакта (длина опорной поверхности) может быть в несколько раз больше пятна контакта колеса. Поэтому за счет большей площади опоры при малых коэффициентах буксования (малых касательных деформациях грунта) коэффициент сцепления у шагающего движителя, как правило, выше, чем у колесного, но ниже, чем у гусеничного. Преимущества перед колесным и гусеничным движителем шагающий движитель имеет при движении по склону с достаточно податливым грунтом. Это объясняется тем, что для колесных и гусеничных движителей нормальная реакция направлена перпендикулярно опорной поверхности (рисунок 1).

Повышение грунтовой или опорной проходимости для шагающих машин возможно ещё за счет двух эффектов, не имеющих места для колесных и гусеничных машин. При исследовании зависимости сцепления опоры движителя с грунтом от характера распределения внешних сил, установлено, что можно увеличить тягово-сцепные свойства опоры, и даже восстановить сцепление при полной его потере, за счет дополнительного приложения пары сил с определенным моментом.




Рисунок 1 – Перемещение по склону а) колесный движитель; б) шагающий движитель



Рост опорных реакций в отдельные моменты цикла и является причиной увеличения тягово-сцепных свойств, а их снижение в другие моменты цикла способствует относительному проскальзыванию взаимодействующих тел [6]. Обычно считается, что колебания способствуют только уменьшению коэффициента сцепления.

Профильная проходимость

При анализе профильной проходимости рассматриваются случаи:

- 1) преодоление рва;
- 2) преодоление уступа;
- 3) преодоление выступа;
- 4) преодоление запрещенных зон.

Маневренность

Вводится понятие идеальной маневренности, под которой понимается способность корпуса транспортно-технологической машины совершать любое плоское движение. При таком понимании маневренность может характеризоваться двумя показателями: минимальным радиусом кривизны траектории характерной точки корпуса (обычно условного геометрического центра или центра масс) и максимально допустимым углом между продольной осью корпуса и вектором скорости характерной точки (угол «сдвига»).

Экологичность взаимодействия движителя с грунтом

Экологичность движителя может быть оценена степенью необратимой деформации грунта. В качестве критерия экологичности предлагается величина  $E$ , равная произведению суммарной площади следовой дорожки на её глубину  $\lambda$ , отнесенная к пройденному пути и поперечному размеру  $b$  опоры движителя.

$$E = AS_{\lambda} = \frac{\lambda l}{L} \quad (1)$$

Чем больше  $E$ , тем менее экологичный движитель.

Энергоэффективность движителя

Под движителем понимается механизм, преобразующий энергию двигателя в полезную работу по перемещению транспортного средства, посредством взаимодействия с окружающей средой. Поэтому идеальный энергоэффективный движитель – это механизм, полностью преобразующий энергию двигателя в работу по преодолению сил сопротивления на заданном перемещении транспортного средства. Если не учитывать потери на трение в сочленениях звеньев движителя, то колесо и гусеница – идеальный движитель. Что касается шагающего движителя, то у него имеют место и другие энергозатраты. В первую очередь это энергозатраты, связанные с периодическим разгоном и торможением неуравновешенного механизма шагания в фазе его переноса, мощность которых при равномерном движении корпуса пропорциональна кубу скорости [3].

Другой фактор, влияющий на повышенные энергозатраты для цикловых механизмов шагания, - непрямолинейность траектории опорной точки. Это вызывает периодический подъем и опускание центра масс машины и требует дополнительной мощности  $W_G$  приводного двигателя. Методы устранения этих недостатков известны, но они приводят к усложнению конструкции движителя.

Комфортабельность движения

В общем случае комфортабельность движения у шагающих машин выше, чем у колесных и гусеничных. Это обусловлено возможностями управляемого привода адаптации, вместо системы поддрессирования. Даже управляемая подвеска автомобиля или гусеничной машины не в состоянии обеспечить заранее заданное движение корпуса транспортного средства. Однако, если в шагающих машинах используются цикловые четырёхзвенные механизмы шагания, как, например, у машины «Восьминог», то имеют место периодический подъем и опускание центра масс машины и неравномерность скорости [6], что ухудшает величину показателя комфортабельности движения даже при движении по ровной

поверхности. А если предусмотреть рекуперацию энергии с целью повышения энергоэффективности движителя, то комфортабельность еще более ухудшается.

Критерием комфортабельности движителя может служить среднеквадратичное ускорение характерной точки корпуса, а чем меньше ускорение, тем более комфортабельным является движение. При движении по ровной поверхности колесный и гусеничный движители могут обеспечить идеальную комфортабельность  $a = 0$ ; шагающий движитель может обеспечить идеальную комфортабельность даже на неровной поверхности, но за счет усложнения конструкции, применения системы управляемых приводов и снижения энергоэффективности.

Сложности конструкции движителя

Сложность конструкции может быть оценена количеством звеньев  $n$ , образующих механизм движителя и количеством управляемых приводов  $p$ , необходимых для его функционирования. Определение количества звеньев, составляющих движитель, зависит от степени детализации конструкции, но, по-видимому, всегда можно найти разумную границу между понятием звено и деталями, образующими это звено. Так, например, колесный движитель целесообразно рассматривать как одно звено – собственно колесо и два привода: привод вращения колеса и привод изменения плоскости вращения (привод поворота). Гусеничный движитель, несмотря на большое количество траков и пальцев, целесообразно рассматривать как одно звено – гусеничную ленту, приводящуюся в движение одним приводом. Шагающие движители бывают различными. Так, например, у машины «Восьминог», имеющей цикловой сдвоенный движитель имеется один привод и 8 звеньев (2 кривошипа, 2 коромысла, 2 криволинейных шатуна, 2 стопы). У шагающей машины «Ортоног» движитель имеет 5 приводов, воздействующих на 5 звеньев (2 привода горизонтального перемещения, 2 привода адаптации, 1 общий привод поворота на два механизма шагания, составляющего движитель).

Комплексная оценка движителя

Комплексная оценка  $I$  движителя основывается на гипотезе функциональной зависимости этой оценки от введенных ранее и, возможно, некоторых других показателей, например, максимальной скорости  $V$ .

В качестве примера комплексной оценки для различных коэффициентов значимости  $\mu_j$  приведено сравнение марсохода «Curiosity» (рисунок 2) с шагающей машиной «Ортоног» (рисунок 3). Известные характеристики машин представлены в таблице 1.



Рисунок 2 – Марсоход «Curiosity»



Рисунок 3 – Шагающая машина «Ортоног»

Таблица 1 – Сравнительные характеристики машин «Curiosity» и «Ортоног»

| Характеристики                            | Марсоход «Curiosity»* | Шагающая машина «Ортоног»  |
|---|-----------------------|--|
| габариты (Д x Ш x В), м _____             | 3,1 x 2,7 x 2,1       | 3,28 x 2,17 x 2,75   |
| масса, кг                                 | 899                   | 1200   |
| грузоподъемность, кг                      | —                     | 1000   |
| максимальная скорость, м/ч _____          | 144 '                 | 1656   |
| угол поворота двигателя, град             | 45                    | 180  |
| движение боком                            | не возможно           | возможно   |
| высота преодолеваемых препятствий, м      | 0,75                  | 0,45 - при движении в любую сторону с сохранением горизонтальности платформы;<br>0,8 - при наклоне платформы |
| размеры двигателя, м _____                | диаметр колеса 0,5    | max длина шага 0,45  |
| max угол подъема по сыпучему грунту, град | —                     | 42   |
| ширина преодолеваемого рва, м             | менее 0,5             | 0,9 ~  |

В таблице 2 представлены значения комплексной оценки при различной значимости каждого показателя. В первом примере (строка 1 таблицы 2) более значимыми считаются показатели, связанные с проходимостью машины.

В этом случае более высокую комплексную оценку получает шагающая машина «Ортоног». Во втором примере (строка 2 таблицы 2) более значимыми считаются показатели, связанные со сложностью двигателя и системой приводов. В этом случае более высокую комплексную оценку получает марсоход «Curiosity».

Таблица 2 – Значения комплексной оценки при различной значимости каждого показателя

| № | $\mu_1$ | $\mu_2$ | $\mu_3$ | $\mu_4$ | $\mu_5$ | $\mu_6$ | $\mu_7$ | $\mu_8$ | $\mu_9$ | $\mu_{10}$ | $\mu_{11}$ | $\mu_{12}$ | $\mu_{13}$ | I «Curiosity» | I «Ортоног» |
|---|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|---------|------------|------------|------------|------------|---------------|-------------|
| 1 | 0       | 0       | 0       | 0,15    | 0,15    | 0       | 0,15    | 0,15    | 0,1     | 0,15       | 0,15       | 0          | 0          | 0,519         | 0,554       |
| 2 | 0       | 0       | 0       | 0,1     | 0,1     | 0       | 0,1     | 0,1     | 0       | 0,2        | 0,4        | 0          | 0          | 0,600         | 0,399       |

Анализ результатов показывает, что «Curiosity» превосходит «Ортоног» в тех ситуациях, когда более важной характеристикой является количество приводов, звеньев в механизмах двигателей и их энергоэффективность. В тех ситуациях, когда более важными являются эксплуатационные характеристики, «Ортоног» превосходит «Curiosity». Проведенный анализ показателей колесных, гусеничных и шагающих машин и на их основе предпринятая попытка их сравнения не претендует на исчерпывающую полноту, а только дает ориентировочные оценки при выборе того или иного двигателя в условиях конкретного технического задания.

#### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Гуськов В.В. Тракторы: Теория / В.В. Гуськов, Н.Н. Велев, Ю.Е. Атаманов и др. — М.: Машиностроение, 1988.— 375 с.
- 2 Охоцимский Д.Е. Механика и управление движением автоматического шагающего аппарата / Д.Е. Охоцимский, Ю.Ф. Голубев. — М.: Наука, 1984.— 310 с.
- 3 Лапшин В.В. Модельные оценки энергозатрат шагающего аппарата //Известия АН СССР. МТТ. № 1.— 1993.— С.38-43.
- 4 Жога В.В. Система показателей качества шагающих транспортных машин //Инженерный журнал.— М.: Машиностроение. — 1997. — №5. — С.21-28.
- 5 Брискин Е.С. Моделирование динамики смены стоп шагающих машин / Е.С.Брискин, В.В. Чернышев // Искусственный интеллект (Украина). — 2009. — № 3. — С. 293-299.
- 6 Брискин Е.С. Об управлении походкой шагающей машины «Восьминог» /Е.С.Брискин // Мехатроника, автоматизация, управление: приложение к журналу. 2008. — № 5. — С.6-10.

### **ТҮЙІН**

Мақалада доңғалақты, шынжыр табанды және қадамдап жүретін машиналарға салыстырмалы талдау келтірілген. Көліктік және технологиялық қадамдап жүретін машиналарды пайдалану перспективті салалары негізделген.

### **RESUME**

The article focused the comparative analysis of wheeled, caterpillar and walking machines is given. Prospective areas of application of walking transport and technological machines are grounded.

ӨОЖ 331.453

**Кубашева Ж. К.**, техника ғылымдарының кандидаты, доцент

**Жәнібекқызы Л.**, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., ҚР.

## **ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУДЫ ДАМУДЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

### **Аннотация**

Бұл мақалада еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жарақаттану және кәсіптік ауру мәселелері, оның ішінде ең басты өндірістік жарақаттанудың жоғары көрсеткіштері – еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ғылыми зерттеулердің болмауы қарастырылады.

*Түйін сөздер: еңбекті қорғау, еңбек қауіпсіздігі, кәсіптік аурулар, жұмыс беруші, өндірістік жарақат, техника қауіпсіздігі, жазатайым оқиға, өндірістік нысан.*

Экономикалық жағдайда қарқынды дамып келе жатқан мемлекет үшін еңбекті қорғау және қызметкерлердің кәсіби қауіпсіздігін қамтамасыз ету кезектегі бірінші мәселе болып табылады. Сонымен бірге, бұл бағыт осы салада шешілген мәселелердің барлығына жүйелі көзқарас негізінде үздіксіз жақсаруды және дамуды талап етеді. Қазақстанда жүргізілген әлеуметтік-экономикалық өзгерістер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жарақаттар мен кәсіби аурулар мәселелерін атап көрсетті. Еңбекті қорғауды басқару жүйесін талдау еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқарудың экономикалық құралдарының әкімшілік, құқықтық, ұйымдастырушылық тәсілдерімен қатар, неғұрлым белсенді қолдану қажеттілігін көрсетеді. Еңбекті қорғау қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын қамтамасыз ету жүйесі ретінде қоғамның әлеуметтік-экономикалық жағдайынан бөлек қарастырылмайды, себебі ол экономиканың ағымдағы жағдайымен, негізгі құралдармен, қоршаған ортаны қорғаумен, қызметкерлердің ұжымдық қорғанысы, білім беру мен оқыту сапасы, ғылыми және ақпараттық әлеует, профилактикалық емдеу деңгейімен тығыз байланысты. Осыған байланысты қоғамды дамытудың қазіргі кезеңінде барлық деңгейлерде еңбекті қорғау саласындағы шешімдердің профилактикалық және экономикалық бағыттарын едәуір нығайтуға, ең алдымен еңбекті қорғау жағдайларын көрсететін негізгі үрдістерді болжау әдістерін әзірлеп, оны іске асыру қажет. Қоғам қазіргі уақытта белсенді түрде жұмыс жасайтын және қоғамның ұзақ мерзімді даму стратегиясында көрініс тапқан басым бағыттар арасында қызметкерлердің қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауға ерекше назар аудару, қызметкерлердің оқыту сапасын жақсарту, олардың жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайларды жасау, техникалық базасы, бөлімшелерде авариялар мен жарақаттардың алдын-алу және оларды күшейту қажет. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласын ішкі және халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру мақсатында, барлық жұмысшылар үшін еңбекті қорғау жүйесін басқаруды ұйымдастыруды айтарлықтай жаңғыртуды, барлық қызметкерлердің қолдануы үшін анық және қолжетімді етіп жүзеге асыру қажет [1].

Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясат төмендегідей бағытталады:

- 1) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу және қабылдау;
- 2) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы мониторингты жүзеге асыру;
- 3) еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды дамыту, оны жетілдіру, қауіпсіз техника мен технологияларды әзірлеу және енгізу, еңбек қорғау құралдарын өндіру, қызметкерлерді жеке және ұжымдық қорғау жөніндегі іс-шараларға экономикалық ынталандыруды құру және енгізу;
- 4) Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы заңнамасының сақталуын мемлекеттік қадағалау және бақылау;
- 5) еңбек өнімділігі мен жұмысын ұйымдастырудың қазіргі техникалық деңгейімен жойылмайтын зиянды (ерекше зиянды), қауіпті еңбек жағдайлары бар еңбек ету және еңбекақы төлеу шарттарын белгілеу;
- 6) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы бірыңғай ақпараттық жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 7) өндірісте жазатайым оқиғаларды және кәсіптік ауруларды есепке алудың бірыңғай тәртібін белгілеу;
- 8) еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу;
- 9) ұйымда техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қызметкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қоғамдық бақылауды жүзеге асыру тәртібін нормативтік бекіту;
- 10) қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық;
- 11) кәсіптік және жазатайым оқиғалардан зардап шеккен қызметкерлердің, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің заңды мүдделерін қорғау;
- 12) еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі бойынша мамандарды даярлау және біліктілігін арттыру;
- 13) еңбек жағдайлары мен қауіпсіздікті жоғарылату мақсатында отандық озық және шетелдік тәжірибені тарату.

Еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру мемлекеттік органдар, жұмыс берушілер, жұмыс беруші бірлестіктері, кәсіподақтар, олардың қауымдастықтарының және қызметкерлердің рұқсаты бойынша еңбек қорғау мәселелеріне жауапты басқа да өкілетті органдармен барлық деңгейдегі келісілген іс-әрекеттермен қамтамасыз етіледі. Еңбекті қорғау саласындағы мемлекеттік саясат ең маңызды проблемаларды шешуге, соның ішінде республика халқының денсаулығын жақсарту, өмір сүру деңгейін көтеру, еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды жақсартуға бағытталған. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ел халқының денсаулығына әсер ететін маңызды фактор - бұл аурулардың алдын алу бойынша мемлекет тарапынан қабылданған шаралар. Халықаралық еңбек ұйымының мәліметі бойынша, әлемнің барлық елдерінде жыл сайын шамамен 270 миллион өнеркәсіптік апаттар мен 160 миллион кәсіби аурулар тіркеледі, оның ішінде өндірісте 2 миллионнан астам адам қаза тапқан. Өндірістегі жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың салдары үлкен материалдық залал әкеледі және адамның өмірін қиюына әкеліп соқтырады. Жұмыс жағдайының қанағаттанарлықсыздығы, өндірістік апаттар мен кәсіптік аурулар көптеген жұмысшылар мен олардың отбасыларына қолайсыздық тудырады. Осы себепке байланысты әлемдік экономиканың жалпы ішкі өнімі шамамен 4% кемиді. Дамушы елдерде және өтпелі экономикасы бар елдерде бұл мәселені шешу жөніндегі шаралар білім мен ақпараттың жетіспеушілігінен қиынға соғып отыр. Инвестициялық шешімдер қауіпсіздікті, денсаулықты немесе қоршаған ортаны қорғау мәселелерін есепке алмастан жүзеге асырылады. Қазақстан өндірістегі еңбек жағдайлары мен олардың халық денсаулығына және елдің экономикасына әсер етуі бойынша кәсіптік аурулардан зардап шеккендер саны қатарынан тыс емес. Қауіпті жағдайда миллионнан астам адам жұмыс істейтін біздің елімізде жыл сайын 3000-нан астам жазатайым оқиғалар орын алады, ал олардың 300-і өлімге әкелетін нәтиже.



Кәсіби ауруға шалдыққандар саны (ауру белгілері жаңадан қойылғандар) жылына орта есеппен 300 адамнан асады екен. Бұл жағдайдың себептері арасында жұмыс берушілердің қауіпсіздік пен денсаулыққа қатысты теріс қатынасы және өндіріс жұмысшыларының қауіпсіздігі мен денсаулық сақтау ережелеріне бағынбау кездеседі. Бүгінгі таңда экономикалық реформалар мен өндірісті қалпына келтіру жағдайында республикада ұйымдардың қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жағдайы елеулі алаңдатушылық тудырады, мұнда ұйымдардың қызметкерлерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету өткір мәселелердің бірі. Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, еңбек жағдайлары, өндірістік жарақаттардың жоғары деңгейі және кәсіби аурулар туралы көптеген мәселелерін атап өтті. Қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайлары техникалық прогреске, техниканы және өндіріс технологиясын жақсартумен қамтамасыз етіледі. Алайда, еңбек инспекциясы жүргізген тексерулер нәтижесі көптеген кәсіпорындарда машиналардың, жабдықтардың, механизмдердің және құралдардың техникалық жай-күйі олардың жұмыс істеу нормалары мен ережелері сәйкес келмейтінін көрсетіп отыр. Тіркелген өндірістік активтердің жоғары деңгейде тозуы, сондай-ақ шектеулі инвестициялық мүмкіндіктерге жол бермеу жағдайында адам факторларының қоршаған ортаға және халыққа теріс әсерін туғызады.

Өндірістердегі жарақаттар шығу тегіне байланысты өз ерекшеліктері мен сипаттамаларына ие, бірақ бәріне бірдей ол – өндірістік жұмыстарды қанағаттанарлықсыз деңгейде ұйымдастыру, еңбек және өндіріс тәртібін бұзу, қауіпсіз әдістер мен жұмыс әдістерін жеткіліксіз оқыту, техника қауіпсіздік ережелерін бұзу. Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы қолайсыз жағдайлардың басты себептерінің бірі - еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ғылыми зерттеулердің болмауы. Еңбекті қорғау үшін қабылданатын экономикалық, құқықтық және ұйымдастырушылық-техникалық шаралар әрдайым министрліктер немесе жұмыс берушілер тарапынан ғылыми негіздеме арқылы бекітіле бермейді. Республиканың көптеген ұйымдарында қауіпсіздік және еңбек қорғау қызметі жоқ, тіпті қызмет көрсетіп тұрған ұйымдардың өзінде де қызметкерлердің біліктілігі төмен. Кейде жеткілікті жұмыс тәжірибесі жоқ және өндіріс технологиясын меңгермеген мамандар күрделі өндірістік процестерді басқаруға жіберіледі. Алдын-ала тексеру, өндірістік нысандар мен құрылыстарды күрделі жөндеу жұмыстары да сапасыз және уақытылы орындалмайды. Осының салдары жұмыс орнында қызметкерлердің қауіпсіз жұмыс тәжірибесі мен қауіпсіздік техникасы үшін сапалы дайындықты қамтамасыз етуді талап етеді.

Қазіргі таңда еңбек жағдайына ұйымның экономикалық жағдайы, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау шараларын қаржыландыру, жеке қорғану құралдарын сатып алу немесе қалдық принцип бойынша қаражат бөлу, өндірістің материалдық-техникалық базасының жағдайы, пайдаланылатын технологиялар деңгейі, ғылыми-техникалық базаны дамыту, қызметкерлерді қорғау жөніндегі техникалық және экономикалық-құқықтық мекемелер анық әсер етеді. Өте баяу қарқынмен өндіріс нысандарын техникалық қайта жарақтандыру, оның ішінде негізгі салалардың нысандарында жүзеге асырылады. Сондықтан, өндірістік тәуекелдерді бақылауды және төмендетуді қамтамасыз ететін техникалық шешімдерді іздестіру өте маңызды. Бұл мәселені шешуге ең перспективалы және экономикалық тұрғыдан сенімді тәсілдердің бірі - еңбекті қорғауды басқару жүйесін құру, ол еңбекті қорғауға қол жеткізу үшін шектеулі материалдық және қаржылық ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз етеді, сондай-ақ қауіпсіз технологияларды дамыту мен енгізуді экономикалық тұрғыдан ынталандырады. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды басқару жүйесін пайдаланатын ұйымдар жоғары деңгейге жетіп, кәсіби жарақаттану деңгейі төмендетілген.

Еңбек қауіпсіздігі жағдайын, орындалатын жұмыстың зияндылық және ауырлық дәрежесін, қарқындылығын анықтау үшін еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді міндетті түрде орындау туралы заңнама бекітілген, оның нәтижелері жұмыс орындарында еңбек жағдайларын нақты анықтап, өндірістік объектілерді сертификаттау, қызметкердің еңбек міндеттерін орындау кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруға арналған сақтандыру тарифін айқындау үшін қолданылады, сонымен қатар ұйымдық және санитарлық шаралар кешенін қамтиды. Еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігін арттыру, жұмысшылардың еңбек құқықтарын қорғау процесі қаншалықты тиімді екені мемлекеттік органдар, жұмыс



берушілер, жұмысшылар мен олардың өкілдері мен еңбек заңнамасының сақталуына бақылауды жүзеге асыруға тең құқылы қоғамдық ұйымдардың күш-жігеріне байланысты. Мемлекеттік еңбек инспекциясы жұмыс берушілерге, еңбек ұжымдарына, мемлекеттік органдарға, қоғамдық ұйымдарға және кәсіподақтарға түрлі семинарлар, кездесулер, дөңгелек үстелдер, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарланатын еңбек заңнамасының негізгі заң бұзушылықтарының себептерін үнемі бақылап және және талдап отырады. Тәртіп бұзушылықтардың себептері жеке-жеке болып қарастыралыды және кәсіпкерлік қызметтің түріне, қызметкерлердің саны, маусымға, қызметкерлердің қол жетімділігі, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау қызметіне, кәсіподақ пен еңбекті қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторларға, әкімшілік-басқарушылық қызметкерлер мен қызметкерлердің құқықтық сауаттылығына, сонымен қатар кәсіпорынның материалдық және қаржылық әл-ауқатына байланысты. Жұмыс берушілердің еңбек заңнамасының сақталуы бойынша тексеру нәтижелерінің сараптамасы жұмыс берушілер жалданып жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбек құқықтарын бұзу негізінен заңдарды білмеуіне байланысты болса, ал кейбір жағдайларда - оларды елемей, ескермейтіндігін көрсетеді. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау туралы заңнаманың сақталу жағдайын талдау кәсіпорындарда жасалған бұзушылықтардың негізгі себептеріне:

- жұмыс барысында жауапты қызметтер мен кәсіпорындардың лауазымды тұлғаларының жеткіліксіз бақылауы;
  - қауіпсіздікті және денсаулық сақтаудың болмауы немесе еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жауапкершілігі басқа маманға берілуі;
  - еңбекті қорғауды басқару жүйесінің болмауы немесе әрекетсіздігі;
  - еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша қызметкерлердің білімдерін оқыту, тестілеу және нұсқау беруге жеткіліксіз тәсіл;
  - жұмыс берушілердің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға және қызметкерлердің өздері үшін қауіпсіздік ережелеріне салғырт көзқарасы;
  - еңбекті қорғау және жеке қорғану құралдарын сатып алу немесе қалдық принцип бойынша қаражат бөлу жөніндегі шараларды қаржыландырудың болмауы жатады.
- Еңбек заңнамасының қолданыстағы нормаларына сәйкес келу үлкен қаржылық және материалдық шығындарды, техникалық қайта жарақтандыруды, қосымша адам ресурстарын талап етпейді. Сондықтан жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелеріне жеткілікті назар аударуы қажет[2].

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты жақсарту және дамыту тұжырымдамасы. [Электронды ресурс]. – Қол жеткізу режимі: [http://kmg-s.kz/rus/o\\_gruppe\\_kompanii/ot\\_tb\\_i\\_ooos/koncepcija/](http://kmg-s.kz/rus/o_gruppe_kompanii/ot_tb_i_ooos/koncepcija/)
- 2 Основные направления государственной политики в области БиОТ.[Электронды ресурс]. – Режим доступа: - <https://kadry.mcfr.kz/article/1228-osnovnye-napravleniya-gosudarstvennoy-politiki-v-oblasti-biot>

#### **РЕЗЮМЕ**

В настоящей статье рассмотрены проблемы безопасности и охраны труда, травматизма и профессиональной заболеваемости, а также рассмотрены причины высоких показателей производственного травматизма, среди которых главной причиной указывается недостаточность научных исследований в сфере безопасности и охраны труда.

#### **RESUME**

The article focused the problems of safety and labor protection, injuries and occupational morbidity, and also the reasons of high indicators of industrial traumatism, among which the main reason is the lack of scientific research in the field of occupational safety and health.

ӘОЖ 622.276.522

**Нариков К.А.**, техника ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы**Қыдрашов А.Б.**, техника ғылымдарының магистрі, аға оқытушы**Жақиев Р.М.**, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ, ҚР

## ЖАҢАЖОЛ КЕН ОРНЫНДАҒЫ ҰҢҒЫМАЛАРДАН ГАЗЛИФТЛІК ӘДІСПЕН МҰНАЙ ӨНДІРУ


### Аннотация

Мақалада Жаңажол кенішінде газлифт әдісін қолданудың түрлері мен құрал-жабдықтары келтірілген. Кен орнындағы мұнай өндірудің механикалық түрлері жазылған. Газлифт әдісіндегі жұмысшы агентті дайындаудың сызбанұсқасы көрсетілген.

**Түйін сөздер:** компрессорлы газлифт, өндіру ұңғымасы, қойнауқат, сүзбелену процессі, үздіксіз газлифт, жұмысшы агенті, газдайындау жүйесі, газсұйық қоспасы.

Қабаттан келетін немесе жер үстінен нығыздалып айдалынатын газ, ұңғыма газлифтлі әдіспен пайдалану мерзімінде ұңғыма өнімінің ағынына қосылып беріледі. Бұл кезде газсұйық қоспасының тығыздығы кішірейіп ұңғыма түбіндегі қысым берілген өнім шығының алуды және жинақ пунктіне тасымалдауға жететіндей болады [1].

Компрессорлы және компрессорсыз, газлифтлі пайдалану әдістерді ажыратамыз. Бірінші жағдайда агент компрессорлық станцияларда сығылып (нығыздалып) дайындалады, ал екінші жағдайда агент ретінде кен орынның газы, табиғи қысыммен беріледі. Компрессорсыз газлифт қондырғысы компрессорлы газлифт қондырғысынан айырмашылығы – ол компрессорлы станциясының жоқтығы және сол жерде табиғи газ қабатының бар екендігі. Егер мұнай кен орнының жанында немесе оның алаңында жеткілікті газды қорымен және жоғары қысымымен газ қабаттары болса, онда газлифтке арналған газды, газ ұңғыларынан алып, пайдалануға болады. 1-суретте газды ұңғымадан жоғары қысымды газды қолданылатын компрессорсыз газлифтінің сұлбасы келтірілген [2].



1 сурет – Компрессорсыз газлифт ұңғыманың сұлбасы (схемасы)

Газ ұңғыдан 1 жоғары қысыммен кептіру пунктісіне 2 түседі, онда ол гидроциклонды сепараторлардан және конденсат жинағыштардан өтеді. Жартылай кептірілген газ әрі қарай қыздырғышта 3 орнатылған жылан-түрдегі құбырларға келеді. Бұл жерде газ 80-90 градус температурасына дейін қыздырылады. Қыздырылған газ тарату батареясына 4 бағытталады,


ал содан кейін газлифттік желісімен 5 пайдалану мұнай ұңғысына 6 түседі. Осы ұңғылардан шыққан мұнай-газ қоспасы газ айырғыштан 7 өтіп газжанармай зауытына немесе отындық желісіне бағытталады. Сұйықтық газайырғыштардан ыдысқа 8 түседі [1].

Компрессорсыз газлифттілі әдіске тағы да ұңғыма ішіндегі газлифт әдісі жатады. Бұл әдісте, мұнайды көтеру үшін осы ұңғының тесіп ашқан газды қабаттың газ энергиясы қолданылады.

Үздіксіз немесе мезгіл-мезгіл пайдалану режимдерін айырамыз. Мезгіл-мезгіл пайдалану режимінде ұңғыма бір мезгіл тоқтатылады. Бұл уақыттың арасында сұйық көтергіште жиналғаннан кейін ұңғыға қысыммен агент беріліп, жер бетіне мезгіл-мезгіл үрленіп шығарылады [2].

Газлифттілі пайдалану әдісінің басқа механизацияланған әдістерден ерекшелігі келесіде: құрал-жабдықтарының және оларды қолданудың қарапайымдығы, жөндеу аралық мерзімінің біраздылығы, пайдалану коэффициентінің және сұйықты шығару (өнімінің) шығымының молдығы (бірнеше ондық өлшемінен 1800 м/тәул-ке дейін), көлбеу ұңғыларда пайдалану мүмкінділігі, ұңғы өнімінде газдың болғанында немесе құмның болғанына қарамастан әдісті қолдану мүмкіндігі. Әдістің жетіссіздіктеріне келесілер жатады: алғашқыда газ бөлетін жүйелерді немесе компрессорлық станция салу үшін күрделі қаржыландырудың көп мол болғандығы, түптегі қысым аз болған жағдайда, пайдалы әсер коэффициентінің (ПӘК) аз болғандығы, меншікті энергия шығынының үлкендігі. Сондықтан, газлифттілі әдісті қабат қысымы және көлемі үлкен кен орындарда, өнімділік коэффициенті біршама үлкен ұңғыларда пайдаланған жөн. [3]


Практикада келесі көтергіштер түрлерін қолданады ( 2-сурет):



2 сурет – Газауалық көтергіштердің түрлері

- 1) Бірқатарлы – құбыр сақиналары арқылы жұмыс агенті айдалатын (сурет -2 б);
- 2) Егер ұңғы өнімі үлкен шығымды және оның ішінде тоттану әрекетіне немесе құбырлар сақинасында жиналып қалатын тұздар мен асфальтты-шайырлы заттар болмаған жағдайда-бірқатарлы, СКҚ бойымен агент айдалатын (сурет – 2 в);
- 3) Екіқатарлы – ұңғымадағы бекітілген құбырда саңылақ болғанда немесе құм болғанда (сурет – 2а).

Егер де, сығылған газ берілетін СКҚ-ға құм келетін болса, ол құбырға диаметрі кішірек құйыршық (хвостовик) бегітіліп жіберіледі (3 сурет). Бұл құйыршық қоспаның қозғалу жылдамдығын құбыр тізбегінің басында ұлғайтып, құм мен судың ұңғы түбінде жиналмай сыртқа шығуын қамтамасыз етеді.



3 сурет – Екіқатарлы көтергіштің схемасы

$L$  – көтергіштің ұзындығы;  $h'$  – көтергіштің динамикалық деңгейге бататын тереңдегі.

Мұнай өнімін алу үшін үздіксіз газлифтілі әдісінде, сығылған газды жер үстінен айдау үшін қолданылып, пайдаланылатын  $L$ -типті (тік ұңғылар үшін),  $LN$ -типті (көлбеу бағытты ұңғыларға арналған) қондырғылар – газды сақиналар (кольцевое) арқылы айдап беретін бірқатарлы көтергіштер қабылдау қақпағымен пакермен және сифонды  $G$ -типті қақпағымен жабдықталады. Соңғы жабдықтар арқылы ұңғыманы автоматты түрде жіберіп, керекті режимде пайдалану үшін қолданылады [2].

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мирзаджанзаде А.Х. Основы технологии добычи газа / А.Х. Мирзаджанзаде, О.Л.Кузнецов, К.С., Басниев, З.С. Алиев. – М.,Недра, 2003. – 880 б.
- 2 Вахитов Г.Г. Геотермические методы контроля за разработкой нефтяных месторождений / Г.Г. Вахитов, Ю. П. Гатенбергер, В.А. Лутков. – М., Недра, 1984. – 93-106б.
- 3 Мищенко И.Т. Скважинная добыча нефти / И.Т.Мищенко. – М.,Недра, 2003. – 530б.

#### РЕЗЮМЕ

В статье приводится описание газлифтного метода эксплуатации скважин и оборудования Жанажолского месторождения. Существуют механические виды добычи нефти на месторождении. Показана схема подготовки рабочего агента по методу газлифта.

#### RESUME

The article describes the gaslift method of well operation and equipment at the Zhanazhol field. There are mechanical types of oil production in the field. The scheme of preparation of the working agent on a method of gas-lift is shown.

ӘОЖ: 622.276.75

**Нұршаханова Л. К.**, техника ғылымдарының кандидаты, доцент

**Омурсинова А. А.**, магистрант

Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

## **МҰНАЙЛЫ ҚАБАТҚА ЫСТЫҚ СУ АЙДАУ ӘДІСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН ТАЛДАУ**

### **Аннотация**

Жұмыста Қаражанбас мұнай кен орнын тиімді игерудің күрделілігінің маңыздылығын ескере отырып, мұнайлы шоғырға ыстық су айдау арқылы игерудің технологиялық жағынан талдау жүргізілген.

***Түйін сөздер:** кен орын өнімді қабат, игеру, өнімділік, тұтқырлық, тиімділік, ыстық су айдау, су-мұнай факторы, нысан.*

Мұнай қабатынан мұнай өндірудің қазіргі заманауи, индустриялық әдістерінің тиімділігі негізінен қанағаттандырғысыз болып саналады, себебі, қабаттың орташа мұнайбергiштігі 22-ден 40% -ға дейін құрайды. Бұл мұнай қорымен күрделілігімен, пайдаланылатын әдістердің технологияларына байланысты[1].

Мұнайы физикалық-химиялық құрамы күрделі кен орынды экономикалық тұрғыдан тиімді әдістерді қолданып игеруге, өнімді қабаттың мұнай бергіштігінің қарқындалу мен арттыруға, кен орынды пайдалану барысында туындайтын қиындықтардың алдын алуға бағытталған шаралар ұйымдастыру, негізінен өнеркәсіп тәжірибесін, сонымен қатар кәсіпшілік ақпараттардың нәтижелерін сұрыптау арқылы тұжырымды ұсыныс беру, кен орынды игеруді мейлінше жетілдірудің негізі болып табылады [2].

Қаражанбас кен орнында көпжылдық тәжірибелік игеру барысында жер қойнауынан тұтқырлығы жоғары мұнай алуды арттыруға арналған әдістер мен технологиялық тәсілдер ұсынылды. Соның бірі ыстық су айдау технологиясы, өнімді қабаттың өткізгіштігі жоғары қабатшасы бойымен ену арқылы қабаттың астыңғы және үстiнгі текшелерін қыздырып мұнайдың тұтқырлығын төмендету арқылы қорларды толыққанды ығыстыруды қамтамасыз етеді [3].

Ыстық су мен бу арқылы мұнайды алу әдістері қазіргі уақытта кен орындарда табысты қолданылып келе жатыр.

Қаражанбас кен орнының I нысанына ыстық су айдау 2013 жылдан басталды. Қазіргі уақытта су айдағыш ұңғымалар саны 17, ал реактивті өндіретін – 69 ұңғыма.

Кенорынның Батыс бөлігі бойынша I нысанының сулануы, сұйық пен мұнай дебитінің динамикасы I-кестеде көрсетілген.

1 кесте – Сулану, сұйық пен мұнай дебитінің динамикасы

| Жылдар | Орташа күндік сұйықтың дебиті, т/тәу | Орташа күндік мұнайдың дебиті, т/тәу | Сулануы, % | Орташа күндік қабылдағыштық, м <sup>3</sup> /тәу | Жұмыстағы өндіруші ұңғымалардың саны | Жұмыстағы айдау ұңғымаларының саны |
|--------|--------------------------------------|--------------------------------------|------------|--|--------------------------------------|------------------------------------|
| 1      | 2                                    | 3                                    | 4          | 5  | 6                                    | 7                                  |
| 2001   | 91,78                                | 18,44                                | 86,17      |  | 1                                    |                                    |
| 2002   | 69,53                                | 22,39                                | 65,90      |  | 7                                    |                                    |
| 2003   | 28,56                                | 15,18                                | 35,30      |  | 15                                   |                                    |
| 2004   | 16,93                                | 14,18                                | 28,24      |  | 16                                   |                                    |
| 2005   | 18,33                                | 11,62                                | 34,79      |  | 17                                   |                                    |
| 2006   | 17,45                                | 9,81                                 | 41,76      |  | 18                                   |                                    |

1 кестенің жалғасы

| 1              | 2     | 3    | 4     | 5     | 6  | 7  |
|----------------|-------|------|-------|-------|----|----|
| 2007           | 13,13 | 4,14 | 89,15 |       | 19 |    |
| 2008           | 9,16  | 1,95 | 53,55 |       | 17 |    |
| 2009           | 11,54 | 1,16 | 92,18 |       | 18 |    |
| 2010           | 12,97 | 1,00 | 89,63 |       | 18 |    |
| 2011           | 13,53 | 1,91 | 87,20 |       | 21 |    |
| 2012           | 9,81  | 2,63 | 59,51 |       | 43 |    |
| 2013           | 10,03 | 2,89 | 72,77 | 57,85 | 54 | 9  |
| 2014<br>(9 ай) | 10,10 | 3,11 | 72,77 | 56,88 | 70 | 19 |


№6286 нөмерлі ұңғы батыс бөліктегі I нысанында іске қосылған.

2013 жылдан бастап ұңғыма тұрақты пайдаланылуда. 1-суреттегі ұңғының қабылдағыш профилінде көрсетілгендей іс жүзінде барлық интервалдар су айдау арқылы жұмыс жасайды [1].

Орташа күндік қабылдағыштық  $53 \text{ м}^3$  құрайды. Әсер етуші ұңғымалардың сұйық пен мұнай дебитінің су айдауға дейінгі жиынтығы  $11,5 \text{ м}^3/\text{тәу}$  және  $4,2 \text{ т}/\text{тәу}$  құрады.

Ағымдағы сұйық пен мұнайдың дебиті әсер етуші ұңғымалар бойынша  $39 \text{ м}^3/\text{тәу}$  және  $12,8 \text{ т}/\text{тәу}$ , ал мұнай өсімі  $8,6 \text{ т}/\text{тәу}$ -ке құрады. Сулану  $63 \%$  -дан  $67 \%$ -ға дейін өсті.

Сарапқа салынып отырған ұңғыма бойынша су айдау арқылы әсер етуді оң нәтижелі деп бағалауға болады.



1 сурет – №6286 нөмерлі ұңғыманың қабылдағыш профилі

Кен орындағы су-мұнай факторының жағдайы соңғы 7-8 жылдарда бірқалыпты. Бұл сулануды қысқарту мақсатымен жүргізілген ыстық су айдауды реттеу үрдісімен түсіндіріледі. Бұл кезеңде су айдағыш ұңғымалардың қорын ұлғайтуға қарамастан өнімді қабаттағы



суоқшаулағышы бойынша тиімді технологиялық шешімін таппағандықтан 1 ұңғымаға шаққанда қабылдағыштық төмендеген.

Кен орынның Батыс бөлігіндегі I-ші нысанына ыстық су айдалғанда мұнай өнімінің деңгейі өскені байқалды. 01.10.14 жылдың жағдайы бойынша мұнай өнімі 3751 т/айына, ал 2013 жылдың басында ол көрсеткіш 1735 т/айына құраған.

Мұнай өнімінің өсуі айдалатын судың өлшемімен сонымен қатар айдаушы және өндіруші ұңғылар қоры мен жаңадан қосылатын ұңғымаларға байланысты.

Жалпы су айдалатын телімдер бойынша мұнай дебиті күніне 1,63-тен 2,56 тоннаға өсті, бірақ кейін ұңғымаларды айдау ұңғымаларына аударған кезде дебит 1,86 т/күн-не дейін төмендеді.

I нысан бойынша су-мұнай факторы 0,196 құрады. Пайдалануға айдау ұңғымаларын қосқанда, қазіргі уақытта 17 ұяшықтың 7-еуі бойынша тиімділік байқалуда, ал 6 ұяшық бойынша айдау қарастырылған жылдың қыркүйек айының басында басталды.

4 ұяшық арқылы жұмыстар ыстық суды айдау мен өнімді оңтайландыру бойынша жүреді. Сонымен қатар ыстық судың температурасын көбейту арқылы айдауды жалғыстыру қажет.

Батыс бөліктегі III нысан бойынша да мұнай өнімінің біртіндеп өсуін атап өтуге болады. 2013 жылдың басында мұнай өнімі 3809 т/ай құраса, 01.10.2014 жылдың ахуалы бойынша өнім 5345 т/ай-ды құрады. Өндіру ұңғымалардың қоры 41-ден 70 бірлікке дейін ұлғайды. Айдалған судың көлемі  $3955\text{м}^3$  -ден  $27754\text{м}^3$  -ге дейін өсті.

Айдау ұңғымалары 7-ден 19-ға өскен. Бұл орайда зерделенген жылдың шілде айынан суланудың ұлғаюына байланысты мұнай өнімінің төмендегені байқалғандығын айта кеткен жөн. III нысан бойынша су-мұнай факторы 0,193 құрады.

Пайдалануға айдау ұңғымаларын қосқанда 19 ұяшықтың 6-ауы бойынша тиімділік байқалды, ал 8 ұяшық бойынша айдау қыркүйек айының басында басталды. 5 ұяшық арқылы жұмыстар ыстық суды айдау мен өнімдерді оңтайландыру бойынша жүріп тағы да ыстық судың температурасын көбейту арқылы айдауды жалғыстыру қажет.

Кен орынды 35 жыл игерілудің ұзақтылығы мен кенорын бойынша суланудың 90%-ға жетіп игерудің 4-ші сатысында болуын ескере өнімді қабаттың салқындауын болдырмау үшін, 70-90 градусқа дейін жылытатын су жылыту технологиясымен, ыстық су мөлшерін ұлғайта отырып сұйықтықты жылдамдатып сұрыптау нұсқасын қарастырылған жөн деп білеміз.

Жоғарыда айтылғандай, қабаттың мұнайбергiштігін арттыруға бағытталған ыстық су әдістерін Қаражанбас кен орынында пайдалану оң нәтижелерге ие, сондықтан мұнай және әлемдік тәжірибеде бұдан тиімдірек техникалық және технологиялық әдістердің болмауы нәтижесінде тек қана кенорынға ең тиімдісі болып осы қалады.

Алайда, техникалық, қабаттың физика және геологиялық жағдайлар мен мұнай құрамдары жағынан, жылу әдістерін пайдаланудағы бу айдау әдісі ыстық су айдаумен салыстырғанда жақсы көрсеткіштерге ие.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1 «Оптимизация существующей системы закачки воды на месторождении Каражанбас» Отчет по договору № 15-КОБ1-1213 (рег.№116/15-н) от 19.10.2015 г.

2 Айтқұлов А.У. Повышение эффективности в процессе регулирования разработки нефтяных месторождений / А.У. Айтқұлов. – М.: ОАО «ВНИИОЭНГ», 2000.

3 Айтқұлов А.О. Мұнай өндіру технологиясын басқару : оқу құралы / А.О. Айтқұлов, Т.Ә. Тұрымбетов, Л.Қ. Нұршаханова. – Ақтау: 2014. – 162 бет.

#### **РЕЗЮМЕ**

Учитывая актуальность проблемы рентабельной эксплуатации месторождения Каражанбас, в работе проведен технологический анализ метода разработки нефтяной залежи с закачкой горячей воды.

#### **RESUME**

At this article, technological analysis of development method of oil deposit with hot water injection is considered, taking into account the urgency of the problem of profitable exploitation of the Karazhanbas field.

УДК 629.3.083

**Оверченко Г.И.**<sup>1</sup>, кандидат технических наук, доцент**Закарина Ш.К.**<sup>2</sup>, магистр технических наук,**Тілегенова Н.К.**<sup>1</sup>, магистрант<sup>1</sup>Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г.Уральск, РК<sup>2</sup>Уральский колледж газа, нефти и отраслевых технологий, г.Уральск, РК

## РЕГЛАМЕНТИРОВАНИЕ ТЕКУЩЕГО РЕМОНТА АГРЕГАТОВ АВТОБУСОВ ПО КРИТЕРИЮ БЕЗОТКАЗНОСТИ

### Аннотация

В статье рассматриваются вопросы, связанные с изучением наработки на отказ рулевого управления, тормозного механизма и её распределения. Дано обоснование периодичности проведения ТР по критерию безотказности.

*Ключевые слова:* текущий ремонт, рулевое управление, тормозной механизм, периодичность.

Система обеспечения работоспособности на основе закономерностей изменения технического состояния формирует комплекс технических воздействий по поддержанию автотранспорта в исправном состоянии, носящий название планово-предупредительной системы технического обслуживания и ремонта.

Поддержание автомобилей в работоспособном состоянии требует значительных затрат. По данным Е.С. Кузнецова [1] в суммарных затратах на транспортное средство за весь период «жизни» на долю сферы эксплуатации приходится до 90% всех затрат (таблица 1).

Таблица 1 – Относительное распределение ресурсов на изготовление, обслуживание и ремонт автомобилей

| Технико-экономические показатели  | Затраты в %        |      |      |      |
|---|--------------------|------|------|------|
|   | Изготовление<br>а. | ТО   | ТР   | КР   |
| Распределение кап. Вложений по отдельным сферам без учета стоимости подвижного состава            | 11,4               | 84,4 |      | 4,2  |
| Удельные соотношения затрат на изготовление автомобиля и дальнейшее поддержание работоспособности | 13,0               | 25,0 | 50,0 | 12,0 |
| Распределение трудовых ресурсов   | 1,4                | 45,4 | 46,0 | 7,2  |

Восстановление работоспособности в зависимости от назначения и характера включает периодическое техническое обслуживание и ремонт (ТО и Р), осуществляемые на основе действующих положений и нормативов. Вместе с тем, действующие нормативы технической эксплуатации автомобилей (ТЭА) нельзя назвать объективными и качественными из-за многообразия факторов действующих в эксплуатации. Системы поправочных коэффициентов к базовым нормативам (периодичности и трудоемкости) ТО и Р, принимаются одинаковыми для определенного типа транспортного средства, например автобусов и совершенно не учитывают различия в моделях, условиях эксплуатации [1,2].

Применение некачественных нормативов для управления техническим состоянием АТС приносит автотранспортным предприятиям (АТП) ущерб, вызванный необоснованным повышением затрат при преждевременном техническом обслуживании (ТО) и ремонте, так и в связи с резким возрастанием работ при ремонте после возникновения отказа.

В планово-предупредительной системе все ремонты автомобилей за исключением капитальных ремонтов (КР) отнесены к текущим (ТР). Назначение ТР – это устранение отказов,

возникших в эксплуатации. Из-за различия в условиях эксплуатации возникновение отказов является случайным. Вследствие этого отсутствуют нормативы ТР автомобилей по объему, структуре и периодичности всего автомобиля и отдельных агрегатов. В тоже время для тракторной техники существуют плановые ТР, проводимые после выполнения определенной наработки и с установленным содержанием и объёмом работ. Это можно объяснить тяжелыми условиями работы и приблизительно одинаковой высокой загрузкой техники.

Все сказанное выдвинуло проблему повышения эффективности использования АТС, и в частности автобусов за счет снижения затрат и повышения надежности путем регламентирования текущих ремонтов. Установлено, что внедрение в эксплуатацию только структуры плановых ремонтов по основным агрегатам автомобилей КамАЗ позволило снизить трудозатраты на ремонты на 46,8 % по сравнению с нормативными [3].

Среди автобусов большого класса получили большое распространение модели МАЗ 103 и ЛиАЗ 5256 и их модификации. Эти модели, выпускаемые в РФ и Беларуси на сегодняшний момент, являются наиболее современными. В конструкцию двигателя, ходовой части и трансмиссии включены последние достижения в сфере автомобилестроения.

| Республика Казахстан           | 219    | 229    | 248    | 270    | 267    | 121,9               |
| Западно-Казахстанская область  | 222,3  | 225,1  | 250,2  | 237,6  | 238,7  | 107,3               |

Рассчитано авторами по данным Комитета по статистике МНЭ РК [4]

В то же время наблюдается рост объемов производства консервов из мяса - 1975 тонн, рыбных консервов – 2227 тонн (172,1%), хлебобулочных изделий – 19682 тонн (101,1%), жидкого обработанного молока и сливок – 506 тонн (124,0%), кондитерских изделий длительного хранения – 1412 тонн (109,0%), макаронных изделий – 8934 тонн (104,5%), сыра и творога – 210 тонн (112,9%), сливочного масла – 65,0 тонн (103,2%).

ТОО «ПОШ Руно» завершено строительство предприятия с общей стоимостью 2,2 млрд. тенге и проектной мощностью переработки 182 тысяч штук шкур КРС и 624 тысяч штук шкур МРС в год. В настоящее время ведутся работы по установке оборудования. Ввод в эксплуатацию проекта планируется в конце 2017 года, будет создано 50 новых рабочих мест. В селе Щапово Зеленовского района ТОО «Жайык Агро ЛТД» завершило основные работы по строительству птицефабрики мясного направления мощностью 6,2 тысяч тонн мяса птицы в год. В настоящее время работы по монтажу оборудования завершены на 90%. Реализация проекта полностью обеспечит население области в мясе птиц собственного производства. Будет создано дополнительно 109 рабочих мест. Стоимость данного проекта составляет 3,5 млрд. тенге.

Правительство страны определило интенсивное развитие агропромышленного комплекса в качестве основы для диверсификации экспорта и роста занятости населения. Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев в своем Послании народу Казахстана отметил: «Современный этап развития ставит в повестку дня ряд новых важнейших задач перед агропромышленным комплексом страны, учитывая складывающиеся мировые тенденции и имеющийся потенциал. Агропромышленный комплекс должен стать важнейшей высокодоходной отраслью нашей экономики». Развитие сельскохозяйственной отрасли позволит создать новые рабочие места в сельской местности и даст толчок для дальнейшего развития регионов.

### СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Закон РК «О национальной безопасности Республики Казахстан». – Астана-Акорда. - 06.01.2012. №527-IV ЗРК
- 2 Алшанов Р. Экономика Казахстана за 20 лет: агропромышленный комплекс / Казахстанская правда, 28 октября 2011. - № 344-345. – С.20-21.
- 3 Официальный Интернет-ресурс Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК <http://stat.gov.kz>
- 4 Официальный Интернет-ресурс Министерства национальной экономики РК <http://economy.gov.kz>

### ТҮЙІН

Мақалада Батыс Қазақстан облысында ауыл шаруашылығының, соның ішінде мал шаруашылығының дамуының негізгі үрдістері қарастырылады, сондай-ақ осы аймақтағы мал шаруашылығының 2012-2016 жылдар аралығындағы негізгі көрсеткіштерінің талдауы келтірілген.

### RESUME

The article examines the main trends in the development of agriculture in the West Kazakhstan region on the basis of an analysis of the main indicators of the livestock sector in 2012-2016, as well as the dynamics of production of livestock products per capita over the same period.

ӨОЖ 332.85

**Траисова Т.Н.**, экономика ғылымдарының кандидаты, доцент

**Неталиева Г.А.**, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

### ҚАЗІРГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙДА ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК НАРЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

#### Аннотация

Бұл мақала Қазақстан Республикасындағы жылжымайтын мүлік нарығының жағдайы мен даму мәселелеріне арналған. Мұнда жылжымайтын мүлік нарығы түсінігі, қалыптасқан теориясы мен маңыздылығы, сипаты мен құрылымы, мақсаты мен оның жүзеге асу жолдары, шет ел тәжірибесі және оның Қазақстан экономикасында жүзеге асу мүмкіндіктері қарастырылған.

*Түйін сөздер:* жылжымайтын мүлік, жылжымайтын мүлік нарығы, жылжымайтын мүлік экономикасы, Қазақстан Республикасы.

Қазіргі кезде Қазақстанда нарықтық экономиканың қалыптасуына бағытталған қайта құруды жүзеге асыруға байланысты, елдің экономикалық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесі арта түсуде. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан -2030" жолдауында экономикалық өсу стратегиясы шетел инвестициялары көптеп таралған, мемлекеттің белсенді рөлі бар нарықтық экономикада екендігі айтылған. Тұрақты дамушы мемлекеттің маңызы салаларының бірі – тұрғын үй саласы. Осы саланы дамытуды мемлекет тарапынан "2030 жылға дейін Қазақстан даму стратегиясының іске асырудың болашақтағы шаралары туралы" бағдарламасы өнеркәсіп, денсаулық сақтау, білім берудің маңызды нысандарын жобалау мен жылжымайтын мүлік нарығы және тұрғын үй мәселелерін шешуді қарастырады. Қазақстан экономикасының көтерілуі, сондай-ақ, халықтың басым бөлігінің өз тұрғын үй жағдайларын

жақсартуға деген ұмтылысы республикада жылжымайтын мүліктер нарығын кеңінен өрістетуге себепші болды.

Біздің пікірімізше жылжымайтын мүлік нарығы дегеніміз – жылжымайтын меншікке иелік ету үшін оны құру не айырбастау арқылы нақты сұраныс пен ұсыныс ерекшеліктері әсерінен субъектілер арасында нақты бір орында қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынас жүйесі.

Жылжымайтын мүлікті зерттеуші әртүрлі авторлардың жіктеуін талдап және қорытындылап келе, жылжымайтын мүлік объектілерін келесі жіктеу белгілері арқылы жүйелеуді ұсынамыз. Атап айтқанда жылжымайтын мүлік нарығы екі іргелі блоктан тұрады: табиғи және жасанды объектілер. Жылжымайтын мүлік объектісін жіктеудің ұсынылып отырған тәсілін талдай отырып, тұрғын үй жылжымайтын мүлік объектісін үйлер, пәтерлер, бөлме, қала шетіндегі тұрғын үйлер мен саяжайлар, кондоминиум сегменттеріне жіктейміз. Жылжымайтын мүлік нарығының негізінен 90 пайыздайы тұрғын үй нарығы, шамамен 10 пайызы коммерциялық жылжымайтын мүліктер меншігінде.

Тұрғын үй объектілерін негізгі белгілері бойынша: аумақтық орналасуы бойынша (қалалық, қала шеті, ауылдық); үй тұрпаты бойынша (жеке, стандартты, қолайлығы жоғары, элиталы); әлеуметтік-экономикалық мәртебесі бойынша (әлеуметтік, муниципалды, коммерциялық, жалға алу); өмір сүруге қолайлығы бойынша (“Deluxe” – А, “Premium” – В, “Business” – С, “Econom - D”); көлемін жоспарлау шешімі бойынша (бір, екі, көп бөлмелі); қабат саны бойынша (аз (1 – 3 қабатты), орташа (3 – 5 қабатты), жоғары (6 - 25) және бірегей (25 қабат және жоғары); қабырға материалдары бойынша (кірпіштен және тастан, панельді, тұтасқұймалы, ағаштан, аралас) деп авторлық жіктеу ұсынылған.

Жылжымайтын мүлік нарығын зерттеуші ресейлік ғалымдар арасында жылжымайтын мүліктің бірегей, зерделенген анықтамасы мен объектілерінің жіктелуі әлі де болса өз деңгейінде қарастырылмаған. Бұл ахуал біздің елімізде де көрінісін табады. Біздің көзқарасымыз бойынша коммерциялық жылжымайтын мүлік – адам еңбегі арқылы пайда болған, басқару қызметін атқаруды талап ететін және жалға төлем ретінде меншік иесі табыс әкелуге қабілетті жылжымайтын мүлік.

Коммерциялық жылжымайтын мүлік түсінігінің негізгі ерекшеліктері, қаржы активі ретінде, келесілер болып табылады:

- коммерциялық жылжымайтын мүлік иесінің табыс алуға бейімділігі;
- әлеуетті тұтынушылар (жалға алушылар) ғимараттарды кәсіпкерлік қызмет ету үшін пайдаланады;
- жылжымайтын мүлік объектісі ұзақ уақыт иесіне тұрақты табыс әкеледі.
- коммерциялық жылжымайтын мүлік нарығының дамуы, оны басқару қажеттілігін туындатады.

Коммерциялық жылжымайтын мүліктерді кеңсе және сауда алаңдары және мейрамхана, автотұрақ, қонақ үйлер сегменттеріне бөліп қарастырамыз.

Жылжымайтын мүлікті бағалау процесінің ерекшелігі оның нарықтық сипаты болып табылады. Бұл бағалау бағаланатын объектіні жасау мен сатып алуға тек шығындарды есептеумен шектелмейтіндігін білдіреді. Бағалау кезінде тәуекелдің әр түрлі түрлері бар екенін және нарықтық экономика жағдайында бірде бір салымдар абсалютті тәуекелсіз деуге болмайтындығын есте сақтау маңызды. Бағалаушымен қолданылатын тәсілдер мен әдістер бағалау процесінің ерекшеліктерімен, бағаланатын объектінің экономикалық ерекшеліктерімен, сонымен қатар бағалау мақсаты және қағидаларымен анықталады.

Белгілі бір кәсіпорын мүлігінің даму құнын бағалау кезінде келесі жағдайларда келтіріледі:

- жылжымайтын мүліктің қандай да бір бөлігін сатудың белгілі бір себептері: пайдаланбайтын жер учаскелерінен, ғимараттарынан, құрылғыларынан құтылу үшін;
- несие қабілетсіздік жағдайында кредиторлармен есеп айырысу, серіктестерге зиян келтіргенде сот шешімі бойынша есеп айырысу;
- жылжымайтын мүлік бөлігін кепілдікке салу арқылы несие алу;

- жылжымайтын мүлікті сақтандыру және сақтандырылған мүліктің құнын анықтау;
- жылжымайтын мүлікті жалға беру;
- мүлікке салықты есептеу үшін салықтық базаны анықтау;
- жылжымайтын мүліктің бір бөлігін басқа құрылғалы жатқан кәсіпорынның жарғылық капиталына салым ретінде рәсімдеу;
- қандай да бір инвестициялық жобаны жүзеге асыруда бизнес-жоспарды өңдеуді бағалау;
- шығындық тәсілді қолдану кезінде кәсіпорын құнын жалпы бағалауында аралық саты ретінде жылжымайтын мүлікті бағалау.

Қазақстанда тұрғын үй саласы нарықтық қатынастарға көшті және экономикалық реформалардың басты мақсаты тұрғын үй нарығын қалыптастыру, сонымен қатар қаржы- несиелік механизмімен даярлау болып табылады. Тұрғын үйді қаржыландырудың дәстүрлі кеңістік жүйесі толығымен жүргізіліп жатқан тұрғын үй саясатына сәйкес келді және мемлекеттік тұрғын үй құрылысы үшін бюджеттік ресурстарды орталықтан бөлу, сонымен қатар тұрғын үй шарттарын жақсарту қатарында тұрған азаматтарға тегін қамтамасыз ету болды. Тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасының баяу қалыптасуына байланысты мемлекеттік емес сектордағы субъектілердің және ең алдымен халықтың жеке қаражаттарын тартуды ынталандыру бойынша шаралар қабылданады.

Қазақстанда экономикалық өзгерістердің басынан бастап, өзінің маңыздылығына қарамастан тұрғын үй реформасы өте баяу қарқынмен жүргізілді. Қазақстан тұрғын үй саласында нарықтық қатынастарды қалыптастыру 1991 жылы "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы", "Жеке меншік туралы" заңдар қабылданғаннан кейін басталды. Кеінірек кепілдік, инвестициялық қызмет туралы заңнамалық келісімдер қабылданды. "Жылжымайтын мүліктің ипотекасы туралы", "Жылжымайтын мүлікке құқықты мемлекеттік тіркеу және олармен мәміле жасау туралы" заң күші бар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енгізілді, купондық жекешелендіру туралы ереже әзірленді және тағы басқа. Сөйтіп тұрғын үй саласындағы нарықтық қатынастарды қалыптастыруға арналған заңнамалық база жасалды. Сонымен қатар, жаңадан салынған тұрғын үй халықтың көпшілік бөлігінің төлем сұранысының жеткілікті түрде жоғары болуынан, сондай-ақ дайын тұрған үйді алуға несиелердің болмауынан реформаның алғашқы жылдарында дайын тұрған үй нарығында халықтың төлем жасау қабілеті үшін қолқа көрсетуге қажетті несиелік - қаржылық тетігімен қамтамасыз етілмеді.

1993 жылы тұрғын үй реформасында маңызды қадам жасалды. Қазақстан Республикасы Президентінің №1344 Жарлығымен "Жаңа тұрғын үй саясатының мемлекеттік бағдарламасы және оны іске асыру механизмі" қабылданды. Онда мемлекеттің тұрғын үй саясаты саласында бірқатар аса маңызды стратегиялық қадам жасау көзделген: тұрғын үй саласына қатысы бар құқықтық нормалар жүйесіне қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізу; тұрғын үй құрылысын қаржыландыру және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйелерін реформалау, монополиясыздандыру, тұрғын үй саласында жалға алу секторын кеңейту жөніндегі шараларды жүзеге асыру; құрылыс индустриясының базасын жаңғырту; тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелерін бөлу мен тіркеудің оңтайлы рәсімдерін әзірлеу, тұрғын үй және жылжымайтын мүлік нарығын тұтас дамыту.

Тұрғын үй саясаты туралы мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асқаннан бері 10-14 жылдай уақыт өтті. Осы уақыт аралығында тұрғын үй нарығында үлкен позитивті өзгерістер болды. Қазақстандағы жылжымайтын мүлік бағасының қойылуы, сонымен қатар сұраныс пен ұсыныстың деңгейі ипотекалық несиелеу нарығын қалыптастыру перспективасын бағалауда көрінді. Республикада тұрғын үйге сұраныс деңгейі төмен болып келді. Тұрғын үйге деген сұраныс тек республиканың бизнес-элитасы және байлардың көлемі жоғары қалыптасқан екі орталықта - Астана және Алматы, сондай-ақ өнеркәсіп салаларының өңдеуші және қайта өңдеу кәсіпорындардың шоғырланған қалаларда болды.

2000 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған мемлекеттік бағдарламаның басты себебі болған тұрғын үй құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландыру және

ипотекалық несиелеу жүйесін дамыту концепциясы қабылданды. Дамыған елдерде ЖІӨ-ге ипотекалық несиелеу қатынасы 10-60%, Қазақстанда шамамен 6-7%, Ресейде 1% -ға жуық құрады. Жылжымайтын мүлікпен барлық келісімдердің 30%-ы ипотеканың көмегімен жүрді. 2000 жылы барлық қаржыландыру көздерінің үлесі 22,4 млрд. теңге инвестиция бағытталды, бұл 1991 жылмен салыстырғанда 46%-ға көп және тұрғын үйдің жалпы алаңының 1218 мың шаршы метрі енгізілді, бұл 1999 жылмен салыстырғанда 10%-ға жоғары. Республикада тәуелсіздік алғаннан кейін 10 жыл ішінде тұрғын үйдің 25,2 млн. шаршы метрі енгізілді, сонымен қатар, жеке құрылыстар 8,8% құрады. 2000 жылы халықтың 1000 адамына есептелінген тұрғын үй жалпы алаңының 81,9 шаршы метрі салынды. Жеке құрылыс көлемінің төмендеуіне қарамастан, отандық бизнес шетелдік компаниялар бағытталған аймақ бойынша маңызды өсу байқалды.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алған жылдары тұрғын үй құрылыс саласында үлкен өзгерістер болды. Астана қаласындағы құрылыспен қатар республиканың аймақтарында тұрғын үй құрылысы белсенді дами бастады.

Қазақстанда тұрғын үй нарығын қалыптастырудың негізгі тенденцияларын талдау нарықтық қатынастарды дамыту үшін елде негізгі заңнамалық - құқықтық тапсырмалар құрылғандығын көрсетеді. Солардың негізінде тұрғын үйге қызмет көрсетуді басқару жеке компанияларға өтуі, халықтың коммуналды қызметке төлемдері бойынша мемлекеттік шығындардың азаюы, қамтамасыз етілген жанұялар үшін тұрғын үй шығындарына компенсациялар беріледі.

Қазіргі кезде тұрғын үй нарығының деңгейі және жағдайы әлеуметтік процесстерді дамытуға әсер ететін маңызды факторларының бірі болып табылады. Елдің экономикасы мен халықтың қызығушылығына бағытталған тұрғын үй нарығы экономиканың әртүрлі салаларының қалыптасуының тиімділігін қамтамасыз етеді. Тұрғын үй нарығының қалыптасуы жаңа үйлердің құрылысын кеңейту және бар үйлердің пайдалануын жақсартуға ынталандыру әсерін тигізеді. Сондықтан, тұрғын үй рыногының үлесі қоғамның өндіргіш күштерін орналастыру және дамыту міндеттерін шешуде, экономика саласын даму болашағында, әлеуметтік бағдарламасын және ғылыми-техникалық прогрессті даярлауда қажетті жағдайлары болып табылады.

Тұрғын үй құрылыс саласының болашақта белсенділігінің артуының көп бөлігі мемлекетке қатысты. А.Пашина осы салада мемлекеттің міндетін 2 бағытпен анықтады: "біріншіден, құрылыс индустриясын дамыту үшін оң заңнамалық климат құру қажет. Жылжымайтын мүлік нарығында жұмыс істейтін банктердің жартысынан көбі осы сфераның дамуын ұстап тұрған негізгі кедергілердің бірі заңнамалық базаның жоқтығы деп еске түсіреді". Мемлекеттің екінші міндеті – тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін бюджеттік емес құралдарды тарту болып табылады. Бұл – халықтың қаражаттары, банктік несиелер компанияларының жеке қаражаттары, сондай-ақ тұрғын үй құрылысын қаржыландыруға қатысатын заңды тұлғалардың және азаматтарының мемлекеттік қолдауларының әртүрлі формаларының болуы.

Қазақстан Республикасында жылжымайтын мүлік нарығының, оның ішінде тұрғын үй нарығының қалыптасуы мен дамуын зерттеу нәтижесінде келесідей қорытынды жасауға болады.

Қазақстан Республикасында бүгінгі күні тұрғын үйдің қолжетімділігін қамтамасыз ету саласындағы саясат актуалды болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Халыққа жолдауында айтылған: Үкіметтің және сәйкес министрліктердің алдында елде жылжымайтын мүлік нарығының ашықтығын, бәсекелестігін, нарықтылығын құру бойынша маңызды міндеттер тұр. Бұл нарық халыққа тұрғын үйдің қол жетімділігін қамтамасыз етуге едәуір жақсы шарттар құруға, сатып алушыларға тиімді несиелік құралдарды дамытатын қаржылық мекемелер туралы келісімдердің бағасы және шарттары туралы толық ақпарат беруі қажет.

Әлемдік тәжірибе бойынша, тұрғын үй нарығының дамуы мемлекетке маңызды пайда әкелері анық. Ең алдымен, ол әлеуметтік саясат шеңберінде тұрғын үй мәселесін шешуге сәйкес келеді. Сонымен бірге, тұрғын үйді дамытуға ішкі инвестициялар халықтың



жинақтары, институционалды инвесторлардың қаражаттары ынталандырылады. Нәтижесінде, экономиканың нақты секторларының, нақты айтқанда тұрғын үй құрылыс саласына жанама қаржыландыру жүргізіледі. Мемлекеттің қатысуынсыз- ақ тұрғын үй қорының қайта құрылуы, тұрғын үй нарығында инфрақұрылымның дамуы шешіледі. Тұрғын үй нарығының дамуы елдің экономикасы дамуының маңызды факторы болып табылады.

Сондықтан қазіргі заңнамада жылжымайтын мүлік нарығындағы мәмілелерді, операцияларды, оның қызмет етуін, жылжымайтын мүлік нарығының қатысушылары арасындағы қатынастарды реттейтін күшті құқықтық негізін, ережелерін қарастыру қажет.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1 «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік». Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар

2 Байгісіев М.Қ. Жылжымайтын мүлік экономикасы : оқулық. – Алматы, «Қазақ университеті». – 2003. – 130 б.

3 Дияров С.К. Экономика недвижимости : учеб.пособие. – Кызыл-Орда, 2003. – 341 с.

4 Пашина А.Р. К вопросу понятия недвижимости: проблемы теории и практики / А.Р.Пашина // Вестник Волжского университета им. В.Н. Татищева. – Тольятти: ВУиТ. – 2012. – № 4 (77). – С. 10-18

#### **РЕЗЮМЕ**

Статья посвящена вопросам формирования и развития рынка недвижимости в Республике Казахстан. Авторы уточняют определение категории «рынок недвижимости», его роль и значение в современных условиях, раскрывают характер и структуру рынка недвижимости, основную цель и пути ее реализации в экономике Казахстана с учетом опыта зарубежных стран.

#### **RESUME**

The article is devoted to the issues of formation and development of the real estate market in the Republic of Kazakhstan. The authors specify the definition of the category "real estate market", its role and significance in modern conditions, reveal the nature and structure of the real estate market, the main goal and ways of its implementation in the economy of Kazakhstan, taking into account the experience of foreign countries.



## ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ПЕДАГОГИКА

УДК 612.6 - 053

**Джакупова А. Г.**, старший преподаватель

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г.Уральск, Казахстан

### **ЗНАЧЕНИЕ И ВЛИЯНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ НА КАЧЕСТВО ЖИЗНИ**

#### **Аннотация**

В последнее время развития и совершенствования университетского образования в мире побуждает все большее количество ученых задаваться вопросами о значении и влиянии высшего образования на жизнь человека. В результате большинства исследований было выяснено, что наличие или отсутствие образования влияет на многие сферы жизни человека, в том числе на его здоровье и даже на то, какое настроение преобладает у человека.

***Ключевые слова:** образование, качество образования, качество жизни, влияние.*

В последнее время развитие и совершенствование университетского образования в мире побуждает все большее количество ученых задаваться вопросами о значении и влиянии высшего образования на жизнь человека.

Современные исследователи пытаются понять, приносит ли получение высшего образования в жизнь человека нечто большее, чем просто университетский диплом?

Образование помогает человеку специализироваться в обществе, понять его уклады и законы, научиться устанавливать контакт с другими людьми. Полученные знания, как теоретического, так и практического характера, способствуют успешному становлению личности.

Понятия «качество образования» и «качество жизни» находятся в прямо пропорциональной зависимости друг от друга: если повысится качество образования, повысятся показатели и в других сферах. Только таким путем можно добиться появления принципиально другого отношения человека к своей карьере и к своей жизни, так как на протяжении всего существования человечество пыталось повысить ее качество. Этого добивались с помощью индустриализации общества, улучшения условий жизни и труда человека, предоставления разнообразных прав и свобод. Однако, как показала история, эти меры оказались безуспешными. Дело в том, что это понятие «качество жизни» включает в себя два аспекта: уровень жизни (материальные блага) и уровень духовного развития человека (нематериальные блага). Удовлетворяя потребности человека в жилье, предоставляя ему медицинские услуги, повышая заработную плату, мы улучшаем лишь уровень его жизни. Чтобы повысить качество, необходимо разнообразить и дать возможность удовлетворить также и духовные потребности человека [1].

Следует также отметить, что образование влияет и на продолжительность жизни. Ученые из Совета по медицинским исследованиям (Medical Research Council) доказали, что смертность людей с высоким уровнем образования в четыре раза ниже, чем смертность малообразованных. Экспериментально установлено влияния уровня IQ на состояние здоровья и продолжительность жизни человека. Это довольно легко объяснить: образованные люди лучше понимают, как сохранить свое здоровье, а потому едят правильную пищу, лучше следят за своим здоровьем, получают более качественное медицинское обслуживание.

Основываясь на результатах проведенных в разное время социологических исследований, можно оценить воздействие высшего образования на развитие личности по трем

направлениям: 1) в получении профессии; 2) в интеллектуальном развитии; 3) в изменении социального статуса. По первому направлению наиболее значимые оценки следующие:

- соответствие призванию;
- возможность интеллектуального труда;
- возможность работы в сфере управления.

По второму направлению:

- возможность реализации творческого потенциала;
- формирование научного понимания мира;
- развитие навыков анализа общественной жизни;
- усвоение духовной культуры;
- работа в сфере науки.

По третьему направлению:

- повышение социального статуса;
- достижение материального положения [2].

В результате большинства исследований было выяснено, что наличие или отсутствие образования влияет на многие сферы жизни человека и даже на то, какое настроение преобладает у человека. Пожалуй, одно из самых интересных и важных исследований в этой области было нацелено на определение связи между уровнем образования человека и его здоровьем [3].

Учитывая различные медицинские и психологические показатели, ученые пришли к выводу о том, что наличие высшего образования удивительным образом замедляет старение организма на молекулярном уровне.

Исследование проводилось на основе замера длины теломер у более чем 400 людей с различным уровнем образования. Именно характеристики этой части ДНК человека, согласно научным выводам, отвечают за процесс биологического старения организма: старение организма существенно уменьшает длину теломер в ДНК хромосомах.

По итогам исследования ученые установили связь между длиной теломер и уровнем образования человека: у людей с высоким уровнем образования длина теломер оказались значительно больше, чем у остальных. Таким образом, исследователи пришли к выводу о том, что у людей с хорошим образованием процесс старения происходит гораздо медленнее, чем у тех, чей уровень образования невысок.

По мнению ученых, такие результаты исследования объясняются рядом причин. Во-первых, образовательный процесс значительно преобразует личность человека, его восприятие окружающего мира. Много учившиеся и получившие высшее образование люди в большей степени склонны к логическому мышлению, анализу и обдумыванию различных ситуаций. Часто люди с высшим образованием больше читают и испытывают постоянную потребность в «пище» для ума [4].

Ученые уже давно доказали, что активная умственная деятельность приостанавливает процесс старения, именно поэтому многие писатели, политики, актеры и общественные деятели и в старости остаются энергичными энтузиастами с живым и пытливым умом. Во-вторых, наличие высшего образования в большинстве случаев предполагает более высокий социальный статус человека, уровень жизни и положение в обществе.

Образованные люди склонны принимать более взвешенные и рациональные решения относительно своего будущего, поведения и образа жизни, у них больше шансов получить престижную должность и хорошо зарабатывать.

Кроме того, эти люди умеют более эффективно справляться с такими распространенными сегодня проблемами, как стрессы и депрессии.

Несомненно, все это укрепляет психологическое здоровье человека, а значит, влияет и на его физическое состояние.

Одновременно с этим, люди, не получившие образования и живущие необеспеченно, в большей степени предрасположены к вредным привычкам, меньше занимаются спортом и хуже заботятся о своем здоровье.

Согласно многим исследованиям, условия жизни в низших слоях общества со временем начинают пагубно влиять на человека, усугубляют его проблемы со здоровьем и убыстряют

процесс старения организма на клеточном уровне.

Таким образом, оказывается, что наличие или отсутствие высшего образования в значительной степени влияет на различные сферы жизни человека, в том числе – на его здоровье. В итоге, все это накладывает отпечаток на процесс старения и либо убыстряет, либо замедляет его.

Конечно же, это не означает, что все люди с высшим образованием более здоровы, чем те, у кого образования нет. Однако проведенное исследование лишь раз подтверждает то, что получение образования, саморазвитие и работа над собой – это верный путь для тех, кто хочет многого добиться в жизни, реализовать свои амбиции, сохранив при этом здоровье и энтузиазм.

Благосостояние любой страны зависит в первую очередь от здоровых и высокообразованных граждан, поэтому, наряду со сферой здравоохранения, сфера образования крайне важна для развития государства. Именно поэтому тема образования всегда является предметом жарких дискуссий, что неслучайно: реформы, проводимые в этой отрасли, часто имеют противоречивый характер. Наша страна в данном вопросе не является исключением. В последнее время учебные заведения Казахстана «захлестнула» волна инновационных преобразований: переход на уровневую систему «бакалавр» - «магистр», новые образовательные стандарты и программы, новые учебники, педагогические технологии, жесткие требования к учебно-воспитательному процессу; расширилась практика дистанционного обучения, спектр образовательных услуг и ряд других новшеств, значительно изменивших традиционные методы преподавания. Все эти процессы требуют серьезной координации, а результаты деятельности – глубокого осмысления, что невозможно без соответствующего контроля и проводимых реформ. Необходимо, с одной стороны, скоординировать работу всех структур, а с другой – учитывать влияние различных факторов с учетом национальных особенностей и эффективности проводимых методов.

В заключение стоит упомянуть о гипотезе «людского капитала», согласно которой образование не является чем-то сразу потребляемым, а скорее капиталовложением в будущее человека. Все усилия, затраченные в прошлом, будут вознаграждены в будущем.

Поэтому именно от получения качественного образования зависит дальнейшая судьба, как отдельного человека, так и всего общества в целом.

#### **СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ**

- 1 Информационно-методический журнал «Открытая школа», 2007. [http:// open-school.kz/glavstr](http://open-school.kz/glavstr)
- 2 Беляева М.А. Влияние образования на качество и уровень жизни. Особенности образовательного процесса в России / М.А. Беляева, И.А. Бердыш, Д.А. Бакеев и др. – 2016. <http:// izron.ru/conference/economics>
- 3 Научно-теоретический журнал «Педагогика». – 2009 [http:// pedagogika-rao.ru /arhiv\\_statya\\_map.htm](http:// pedagogika-rao.ru /arhiv_statya_map.htm)
- 4 Солонин С.И. Качество образования: проблемы и задачи изменения внутренней среды ВУЗа / С.И.Солонин, С.В.Кортов // Университетское управление. – 2003. – № 2 (25). – С.64-69

#### **ТҮЙІН**

Соңғы кездері әлемде университеттік білімді дамыту мен жетілдіру, көптеген ғалымдарда жоғары білімнің адам өміріндегі маңызы мен әсері жайында сұрақтар тудыруда.

Көптеген зерттеулер нәтижесінде білімнің болуы және болмауы адам өмірінің барлық саласында, соның ішінде – оның денсаулығы, тіпті адамның қандай көңіл күйде болатынына дейін әсер етеді.

#### **RESUME**

In recent time, the development and improvement of university education in the world has prompted a growing number of scientist to question the importance and influence of the higher education on human life.

According to results of most studies it was found that the presence or absence of education affects the personal spheres of a personal's life, including his health.

ӘОЖ: 543

Құмарова Н.Ж., магистрант,

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қаласы, Қазақстан

## АНАЛИТИКАЛЫҚ ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЗЕРТХАНАЛЫҚ САБАҚТАРЫНДА БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

### Аннотация

Болашақ мектеп оқытушыларын даярлауда әдістемелік құзыреттілікті қалыптастыру жоғарғы оқу орындарының негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Іргелі және қолданбалы ғылымға жататын «Аналитикалық химия» пәнінің білім алушылардың әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудағы мүмкіндіктері мақалада айқын көрсетілген. Білім алушылардың әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыруда зертханалық жұмыстарын ұйымдастыру әдістері мен белсенді формалары нақты анықталып, оларды шешу жолдары қарастырылған.

*Түйін сөздер:* әдістемелік құзыреттілік, оқу-зерттеу іс-әрекеттері, ғылыми зерттеу іс-әрекеттері, сапалық талдау, сандық талдау.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша Қазақстанда жоғары және ЖОО-дан кейінгі білім берудің басымдылығы білім, ғылым және өндірістің үштұғырлылығы болып табылады. Қазақстанда мектептегі білім беру жаңа кезеңнің алдында тұр. Осыған сәйкес мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі саласы жаңа тәсілдер аясында кеңейтілуі қажет [1].

Жоғары оқу орындарында химиялық эксперимент оқу үдерісінің құралы және әдісі, сондықтан болашақ химия пәні оқытушысы мектеп қабырғасында химиялық эксперимент жүргізудің біліктілігі мен дағдысын қалыптастыруы тиіс. Зертханалық практикум дәріс сабақтарында алған теориялық білімдерін тереңдетуге мүмкіндік береді және химиялық тәжірибе орындау нәтижесінде білім алушының танымдылық іс – әрекеті, *әдістемелік құзыреттілігі* жоғарылайды [2].

Болашақ химия пәнінің оқытушысының пәндік және әдістемелік құзыреттіліктерін қалыптастыруда аналитикалық химия пәнінің рөлі зор екендігіне көптеген педагог – ғалымдар еңбектерінде назар аударады [3].

Пәндік құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі мақсаты түрлі жүйелердің, нысандардың қасиеттерінің сипатын біліп, оларды химиялық талдау әдістерінің теориялық негіздері туралы білім алып, біліктілік, дағды қалыптастыру болып табылады.

Аналитикалық химия қолданбалы ғылымдарға жатады, сондықтан білім алушының әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік береді.

Әдістемелік құзыреттілік пәнді оқу барысында алған теориялық білімдерін, біліктіліктерін мектеп қабырғасында түрлі химиялық үдерістерді оқытуда дұрыс пайдаланып, оқушылардың оқу – зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда қолдана білуді қалыптастырады. Әдістемелік құзыреттілік қалыптастыруда білім алушылардың оқу – зерттеу біліктіліктерін қалыптастыруда аналитикалық химияның зертханалық жұмыстарын ұйымдастыру қойылған мақсатты шешуге бағытталады. Аналитикалық химия пәнін оқытудың жүйелік әдістемесі болашақ химия пәнінің оқытушысының зерттеу біліктіліктерін қалыптастыру арқылы әдістемелік құзыреттілігін дамытуға мүмкіндік туғызады [4-5].

Оқу үдерісінде зерттеу біліктіліктер мына іс – әрекеттерді орындау арқылы іске асырылады:

1) *оқу-зерттеу* жұмыстарын орындау: түрлі тақырыптарға рефераттар жазу, презентациялар даярлау;

2) *ғылыми-зерттеу* жұмыстарын орындау: курстық, дипломлық жұмыстар орындау арқылы біліктіліктерді іске асырады.

Осы іс-әрекеттерді іске асыру арқылы болашақ оқытушыларда әдістемелік құзыреттілік



қалыптастырылады және осы іс – әрекеттерді іске асыруға мүмкіндік беретіндей етіп барлық зертханалық жұмыстар жоспарланады.

Жүйелік әдістемені оқыту үдерісін іске асырып болашақ химия пәнінің оқытушыларына әдістемелік құзыреттілік қалыптастыруында аналитикалық химияның әр оқытылатын модульге сәйкес зертханалық жұмыстар ұсынылады.

Сапалық талдау модулінің зертханалық жұмыстары төмендегі жоспармен анықталады:


1) аналитикалық топ катиондарының және аниондарының ортақ, жеке анықтау реакцияларын орындап, түзілген қосылыстарының қасиеттерін зерттеу нәтижесінде айқындау;

2) катиондар мен аниондардың түрлі қоспаларын талдап, оларды бірінен – бірін бөліп, анықтау әдістерін меңгеру;

3) тұз қоспаларын қышқыл – негіздік әдіс қолдану негізінде эксперименттік түрде талдап, сапалық құрамын анықтау.

Осы жұмыстардың негізгі мақсаты – зертханалық тәжірибе орындау дағдысын қалыптастырып, әдістемелік құзыреттіліктерін дамыту.

Бұл білім, біліктіліктерді қалыптастырудың маңызы зор екенін мына мысалдар дәлел бола алады. Мектеп курсына «Алюминий және оның қосылыстары» тақырыбы 9,10 сыныптарда оқытылады және осы тақырыпқа байланысты зертханалық жұмыстар орындалады. Бұл тақырыпты оқыту барысында мектеп оқытушысымен бірге оқушыларға қиындық туатындығы байқалады. Мысалы, неліктен алюминий тұздарына натрий карбонаты, натрий сульфиді тұздарының сулы ерітінділерімен әсер еткенде аниондарға сәйкес тұздар түзілмейтіндігін түсіндіру. Сондықтан, сапалық талдау тәжірибелер орындауда алынған нәтижелерін теориялық білімдеріне сүйеніп түсініктер қалыптастыруды қажет етеді. Ол үшін білім алушыларға зертханалық сабақтарда осы және осыған ұқсас реакциялар жүру жағдайларын нақтылы түсіндіру қажет. Мысалы, алюминий (III) тұздарына сілтілік металдар карбонаты ерітіндісімен әсер еткенде қоймалжың ақ түсті тұнба түзіледі. Оның құрамы қандай болуы мүмкін деген сұрақ туғызып, білім алушылардан толық жауап алу қажет. Білім алушылар реакцияны берілген әдістемелік нұсқа бойынша орындап, тәжірибе нәтижесінде түзілген тұнба құрамында карбонат иондарының жоқ екендігін дәлелдеп, жүйеде жүретін реакция тендеуін жазып және түсіндіре білуі тиіс.



Білім алушы натрий карбонатының гидролиздену нәтижесінде  $\text{OH}^-$  - иондары түзіліп, орта сілтіленіп, нәтижесінде  $\text{Al}(\text{OH})_3$  тұнбаға түсуге мүмкіндік туғызылатынын біліп, мектеп оқушыларына түсіндіре білуі қажет. Себебі, бұл реакция және осыған ұқсас реакциялар мектеп бағдарламаларымен қатар түрлі олимпиадалардың теориялық және эксперименттік тапсырмаларында да жиі кездеседі.

Сапалық талдау пәнін оқытудың қажеттілігін дәлелдейтін тағы бір мысал келтіруге болады. Мектеп курсына жалпы айтқанда «Фосфор және оның қосылыстары» тақырыбы оқытылады. Фосфор қышқылы екі валентті металдармен екі түрлі қосылыстар түзеді:  $\text{BaHPO}_4$  және  $\text{Ba}_3(\text{PO}_4)_2$ . Екі тұнбаның өзара көп айырмашылығы жоқ, екеуі де ақ түсті, қышқылдарда ериді. Бірақ болашақ мектеп оқытушысы мектеп жағдайында оларды бір – бірінен ажыратуды білуі тиіс.

Осындай реакцияларды орындау арқылы білім алушылардың алдында проблема туғызып, олардың оқу-зерттеу біліктіліктері қалыптастырылады.

Сапалық талдау пәнін оқыту мақсатының бірі – бұл білім алушының өзіндік ой – өрісін, эксперимент орындауда біліктілігін қалыптастырып, зерттеу жұмыстарын орындауға құштарлығын оятып, дамытуға мүмкіндік беретін оқу үдерісінің формасы. Сонымен қатар ол – иондарды ажырату, бөлу, анықтау болып табылады. Осы мақсатты іске асырып, білімдерін дамытып, біліктіліктерге айналдыруда оқу-зерттеу жұмыстары ұйымдастырылады.

Мысалы, I–II аналитикалық топ катиондарының қоспасын талдап, құрамында катиондарын болжап, топ – тобымен бөліп, құрамдас бөліктерін анықтау өзіндік орындауға арналған жұмыстар ұйымдастырылады. Білім алушы алған тапсырманы орындау үшін жоспар құрады. Жоспар сызбанұсқа немесе рет-ретімен сатылап орындалатын болуы мүмкін. Бұл

жағдай білім алушыны эксперименттік зерттеу жұмысын жоспарлауға үйретеді.

Эксперименттік зерттеу жұмысының жоспарына мынадай талаптар қойылады:

- 1) алғашқы байқау жасап, қорытынды шығару;
- 2) бөлшектеп талдау әдісімен анықталатын иондарды болжау;
- 3) жүйелік талдау әдісін ұсыну, оны дәлелдеу;
- 4) экспериментті орындау;
- 5) орындалған жұмысты жүйелеп жазу;
- 6) қорытындылау.

Осындай оқу – зерттеу жұмыстарын орындау арқылы білім алушыларда жұмысты жоспарлау, оны талқылау, есеп беру, қорытындылау біліктіліктері қалыптасады, ал бұл жағдай олардың әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырып, дамытады.

*Сандық талдау* модулінде төмендегі зертханалық жұмыстар жоспарланады:

1) қышқыл – негіздік реакцияларға негізделген титриметрлік талдау әдісі бойынша мынадай жұмыстар ұсынылады:

- а) судың кермектілігін анықтау;
- б)  $\text{NaOH} + \text{Na}_2\text{CO}_3$  ( $\text{NaHCO}_3 + \text{Na}_2\text{CO}_3$ ) қоспасын талдау;
- в) титрлеу барысында жүйе рН-ын анықтау;

2) Комплекс түзу реакцияларына негізделген комплексонометрлік әдіспен кальций, магний анықтау.

3) Тотығу – тотықсыздану реакцияларына негізделген:

- а) перманганатометрлік титрлеу әдісімен темір (II) анықтау;
- б) дихроматометрлік титрлеу әдісімен темір (II) т.б. нысандарды зерттеу;
- в) құрамында мыс иондары бар т.б. нысандарды иодометрлік әдіспен талдау;
- 4) Тұндырып титрлеу әдісімен хлорид иодид иондарын аргентометрлік әдіспен анықтау.

Бұл зертханалық жұмыстарды орындау барысында төмендегі әдістемелік құзыреттіліктерді қалыптастыру жоспарланады:

1) қолданылатын әдістің теориялық негізі туралы білімін тереңдету;

2) жұмысты орындауға қажетті белгілі ерітінділердің концентрациясын есептеуге үйрету;

- 3) іс жүзінде ерітінділер даярлау біліктіліктерін қалыптастыру;
- 4) стандарттауға қажетті қосылысты анықтап, оның ерітіндісін даярлау;
- 5) жұмыстық ерітіндіні стандарттау;
- 6) жұмысты орындау біліктіліктерін қалыптастыру [6-7].

Мысал ретінде «Перманганатометрлік титрлеу әдісімен темірді анықтау» тақырыпты зертханалық жұмысты қарастыруға болады. Бұл жұмысты орындауда білім алушы жұмыстың орындалуы қарапайым болғанымен, оның көптеген ерекшеліктерінің болуына назар аударуы тиісті. Оларға перманганат ерітіндісінің тұрақтылығы болмауы; перманганат пен қымыздық қышқылы арасында реакция баяу жүруі; темір (II) – иондарын перманганат ерітіндісімен титрлеу жағдайларының ерекшеліктері туралы білім және дағды қалыптастыру қажеттіліктерімен анықталады [8].

Кез – келген зертханалық жұмыс мына бағыт бойынша жүзеге асырылады:

Зертханалық жұмыстың мақсаты: стандартты ерітіндіні даярлау әдісін меңгеру және жұмысшы ерітінділерінің титрін аликвоттық сынамалар тәсілімен анықтау.

Бұл зертханалық жұмысты орындау барысында білуі тиіс:

- 1) тотығу – тотықсыздану титрлеудің теориялық негіздері.
- 2) тотығу – тотықсыздану әдісіне қойылатын талаптар.
- 3) тотығу – тотықсыздану әдісіндегі титранттар, оларды даярлайтын тәсілдер.
- 4) перманганатометрия.
- 5) әдісте пайдаланылатын индикаторлар, оларды тандау, түсінің өзгеру интервалы.
- 6) ерітінділердің концентрациясы (титр, нормальды, молярлық концентрациясы, массалық үлес), олардың өзара байланысы.

Негізгі теориялық сұрақтар:

- 1) тотығу–тотықсыздану титрлеу әдісінің, соның ішінде перманганатометриялық

әдістің негіздері.

- 2) әдістің стандартты қосылыстары мен титранттары.
- 3) ерітінділердің концентрациясын анықтау.
- 4) стандартты ерітінділерді даярлау және титранттың концентрациясын анықтау.
- 5) редокс индикаторлар, ауысу интервалы, индикаторды талдау.

Зертханалық жұмысты орындау кезінде:

- 1) аналитикалық таразыда стандартты ерітіндіні даярлауға қажетті өлшемді алу.
- 2) Өлшеуіш колба көлемін белгісіне дейін толтыру; тамызғышпен және бюреткамен

жұмыс істеу;

- 3) реакциялардың молекулярлық және иондық теңдеулерін жазу;
- 4) титрлеудің жанама тәсілін меңгеру;
- 5) тотығу – тотықсыздану тәсіліне есептер шығару;
- 6) титрант ерітінділердің титрін, концентрациясын есептеу;

Зертханалық жұмыстың мазмұны:

- 1) студенттің білімінің алғашқы деңгейін анықтау (ауызша сұрақ);
- 2) өз бетімен орындалатын жұмыстың орындау бағытын білу;
- 3) оқытудың нәтижелігін анықтау;
- 4) қорытындыны талқылау және үйге тапсырма (силлабус бойынша) беру.

Керекті реактивтер, ыдыстар мен құрал – жабдықтары анықталады:

Қымыздық қышқылы  $\text{H}_2\text{C}_2\text{O}_4 \cdot 2\text{H}_2\text{O}$ ,  $\text{KMnO}_4$  – калий перманганаты, 2 моль/дм<sup>3</sup>  $\text{H}_2\text{SO}_4$  ерітіндісі, көлемі 25 см<sup>3</sup> бюретка, көлемі 100-1000 см<sup>3</sup> өлшеуіш колба, көлемі 5-25 см<sup>3</sup> пипетка, 1 дм<sup>3</sup> ерітіндіні сақталатын шыны ыдыс, қоңыр әйнектен жасалған  $\text{KMnO}_4$  ерітіндіні сақталатын шыны ыдыс, су моншасы, техникалық таразы, аналитикалық таразы.

Сонымен аналитикалық химия теориялық және қолданбалы ғылымға жататындығы оны білім алушының тәжірибелік бағыттауға және практика жүзінде іске асыруға төмендегі құзыреттіліктерді қалыптастырып, дамытуға мүмкіндік береді:

- теориялық білімдеріне негізделіп химиялық реакцияларды орындау, олардың нәтижелерін түсіндіруде біліктіліктерді қалыптастырады;
- оқу – зерттеу жұмыстарын орындау, мектеп қабырғасында оқушылардың ғылыми – зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру құзыреттіліктерін дамытады,
- қалыптасқан білім, біліктіліктерін оқушыларды түрлі олимпиадаларға дайындауда құзыреттіліктерді жетілдіреді.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

- 1 Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарына арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016. – 130 б.
- 2 Зайцев.О.С. Исследовательский практикум по общей химии. – М., 1994. – 480с.
- 3 Психолого – педагогические вопросы методики обучения химии в высшей школе : сб. статей. – Саранск, 1987. – 100 с.
- 4 Лобанова Н.Н. Профессионально-педагогическая компетентность преподавателей системы повышения квалификации и переподготовки специалистов как условие совершенствования их образования // Мат.науч. конф. «Профессионально-педагогическая компетентность преподавателей системы подготовки, повышения квалификации и переподготовки специалистов: проблемы, поиски, опыт». – СПб., 1992. – 198 с.
- 5 Лукьянова М.И. Психолого-педагогическая компетентность учителя: Диагностика и развитие. – М.: ТЦ Сфера, 2004. – 144 с.
- 6 Маркова А.К. Психологический анализ профессиональной компетентности / А.К.Маркова // Советская педагогика. – 1990. – №8. – С. 51-55.
- 7 Митина Л.М. Психология профессионального развития. – М., 1998. – 105 с.
- 8 Саволайнен Г.С. Теоретическое обоснование и ориентировочная программа социокультурной компетентности студентов педагогического вуза - будущих учителей / Оценивание качества педагогического образования: материалы Всероссийского Интернет-совещания-семинара. 20 - 22 октября 2004 г., г.Красноярск. – Красноярск: РИО ГОУ ВПО КГПУ им.В.П.Астафьева, 2004. – С.82-92.

**РЕЗЮМЕ**

Формирование методологической компетентности в подготовке будущих школьных учителей является одним из основных задач высших учебных заведений. В статье продемонстрированы возможности предмета «Аналитическая химия», относящегося к фундаментальным и прикладным наукам, в формировании методической компетентности студентов. Методы и формы организации лабораторной работы четко определены при формировании методологической компетентности студентов и способах их решения.

**RESUME**

Formation of methodological competence in the preparation of future school teachers is one of the main tasks of higher education institutions. The article gives an opportunity to analyze the subject of fundamental and applied sciences in the formation of methodological competence of students. Methods and forms of organization of laboratory work are clearly defined when forming the methodological competence of students and how to solve them.

УДК: 37.014.6

**Хусаинов Б.М.**, кандидат сельскохозяйственных наук  
Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана, г.Уральск, Казахстан

**СКРАМ-ТЕХНОЛОГИЯ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА  
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УСЛУГ****Аннотация**

В статье рассмотрены результаты эксперимента по применению в университете Скрам-технологии – проектного обучения, которое позволяет студентам получить необходимые навыки и способствуют повышению качества образовательных услуг.

***Ключевые слова:** Скра-технология, проектное обучение, необходимые навыки студентов, результаты эксперимента, повышение качества образовательных услуг.*

Современное состояние высшего аграрно-технического образования требует систематической корректировки всего процесса обучения, при этом новые технологии направлены на максимальное обеспечение достойного и полноценного развития личности студента, повышения качества образовательных услуг.

В Послании Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева от 31 января 2017 года отмечается, что четвертым приоритетом является улучшение качества человеческого капитала. Задача – сделать образование центральным звеном новой модели экономического роста. Учебные программы необходимо нацелить на развитие способностей критического мышления и навыков самостоятельного поиска информации [1].

Для этого необходима обоснованность каждого элемента системы образования высшей школы, обеспечение контролируемости элементов различными способами и достижение конкретных результатов учебной деятельности.

В глобальном быстроизменяющемся мире большое внимание уделяется актуальным вопросам, связанным с применением в образовательном процессе высших учебных заведений инновационных проектных технологий.

Так, на кафедре экономики и менеджмента Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана накоплен многолетний опыт организации и проведения деловых игр по различным технологиям.

В начале XXI века американский ученый Д. Сазерленд в своей знаменитой книге бестселлере «Scrum – революционный метод управления проектами» впервые в экономической

науке открыл и полностью разработал новую методику для реализации инвестиционных и инновационных проектов – Скрам-технологии.

